

**ТАЛДЫҚОРҒАНДА  
СУ СПОРТЫНА  
ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚ ЖОҒАРЫ,  
БІРАҚ МАМАНДАР АЗ**

→3

**ЖЕРЛЕСТЕРІМІЗ  
САРЫ ҚҰРЛЫҚ  
ДОДАСЫНДА АТОЙ  
САЛУЫ ТИІС**

→7

**АНДРЕС  
ИНЬЕСТА**

→12

# ҚАЗАҚ СПОРТЫ

Газет 1959 жылғы  
1 қаңтардан шыға бастады

Республикалық  
апталық

qazaqsporty.kz

№30-31-32 (5383)  
30 шілде 2022 жыл

Газет сенбі  
күні шығады

kazakh\_sporty@mail.ru

## 47 МЕДАЛЬ!

**ҚАЗАҚСТАНДЫҚ АУЫР АТЛЕТТЕР ТАШКЕНТТЕ ӨТКЕН  
АЗИЯ ЧЕМПИОНАТЫНДА ОСЫНШАМА МЕДАЛЬ ЖЕҢІП АЛДЫ**



**ТАШКЕНТТЕ 17 ЖАСҚА  
ДЕЙІНГІ ЖАСӨСПІРІМДЕР  
МЕН 20 ЖАСҚА ДЕЙІНГІ  
ЖАСТАР АРАСЫНДАҒЫ  
АЗИЯ ЧЕМПИОНАТЫ  
АЯҚТАЛДЫ. АТАЛҒАН  
ЖАРЫСТАРДА ҚАЗАҚСТАН  
НАМЫСЫН 22 СПОРТШЫ  
ҚОРҒАДЫ. ЖАРЫС  
ҚОРЫТЫНДЫСЫ  
БОЙЫНША БІЗДІҢ  
ЖАСТАРЫМЫЗ 47 МЕДАЛЬ  
ЖЕҢІП АЛДЫ: 10 АЛТЫН,  
23 КҮМІС ЖӘНЕ 14 ҚОЛА.**

«Бірінші кезекте барлық команда мен жаттықтырушылар штабын үздік нәтижелермен құттықтағым келеді. Әр

спортшы жүз пайыз күш салып, мінез көрсетті. Өзінің рекордшы мәртебесін растаған Емберді Едігені жеке атап өткім

келеді. Никита Абдурахманов пен Әлішер Байбууров өз санаттарындағы жасөспірімдер арасында көшбасшы болды. Сондай-ақ жасөспірімдер арасында екінші орынға ие болды, және де 17 жасқа дейінгі ұлдар арасында Азия чемпионы Денис Полубояриновті де атап өткім келеді.

Жарыс қарсаңында құраманың жаттықтырушылар штабы, Федерация және өңірлік жаттықтырушылар үлкен кешенді жұмыс атқарды: жиын кезінде іріктеу жүргізілді, жаттықтырушылар кеңесінің отырысында үздіктер бекітілді.

Сондай-ақ біздің қойылымдарымызды қадағалап, балаларды қолдап, қолпаштаған барлық қазақстандықтарға алғыс айтқым келеді.

Қорытындылай келе, жастар құрамасында 2028 жылғы Олимпиадаға арналған жоспарларымызға байланысты болатын лайықты резерв қалыптастырылғанын айта кетейін», деді аға жаттықтырушы Жәнібек Кішкенбаев.



## ЖЫЛДЫҚ ЖАЛАҚЫСЫ – 354 150 000 ТЕҢГЕ!



**«БАРЫС» КӨШБАСШЫСЫ НИКИТА МИХАЙЛИСТІҢ  
ЖЫЛДЫҚ ЖАЛАҚЫСЫ АНЫҚТАЛДЫ. «ХОККЕЙНАЯ  
ПРАВДА» ТЕЛЕГРАМ-АРНАСЫНЫҢ МӘЛІМЕТІНШЕ,  
МИХАЙЛИС 354 МЛН 150 МҰҢ ТЕҢГЕ АЛАДЫ, ОҒАН  
БОНУС ЖҮЙЕСІН ТАҒЫ ҚОСЫҢЫЗ.**

Шабуылшымен біржақты келісім бір маусымға, яғни 2023 жылдың 30 сәуіріне дейін есептелген.

Жалпы Құрлықтық хоккей лигасында Никита 353 матч өткізіп, 180 (84+96) ұпай жинаған.

Өткен маусым хоккейші үшін сәтті өтті: 44 (18+26) ұпай жинап, сұрмерген атағы бұйырды, одан қалды ҚХЛІ корытындысы бойынша елорда клубының үздігі атанды.

## УЕФА КОНФЕРЕНЦИЯ ЛИГАСЫНДА

**«ТОБЫЛ» МЕН «ҚЫЗЫЛЖАР» ЖАРАДЫ,  
«ҚАЙРАТ» ПЕН «АСТАНА» ЖЕРГЕ ҚАРАДЫ**



**УЕФА КОНФЕРЕНЦИЯ ЛИГА-  
СЫНЫҢ ІРІКТЕУ КЕЗЕҢІНЕ  
ҚАТЫСЫП ЖАТҚАН  
ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ТӨРТ  
КОМАНДАДАН БІРІНШІ БОЛЫП  
ҚОСТАНАЙДЫҢ «ТОБЫЛЫ»  
ТУРНИРДІҢ ҮШІНШІ  
АЙНАЛЫМЫНА ЖОЛДАМА  
АЛДЫ. АЛҒАШҚЫ ОЙЫНДА  
ГИБРАЛТАРДЫҢ «ЛИНКОЛЬН  
РЕД ИМПС» КЛУБЫНАН БАСЫМ  
ТҮСКЕН ЖЕРЛЕСТЕРІМІЗ ҚАРЫМТА КЕЗДЕСУДЕ ДЕ  
ЖЕҢІСКЕ ЖЕТТІ.**

Осыдан бір апта бұрын «Тобыл» Қостанайдағы «Орталық» стадионда Гибралтар чемпионатының 26 дүркін жеңімпазы – «Линкольн Ред Импс» клубымен шеберлік байқасып, 2:0 есебімен басым түскен болатын. Сол кездесуде шабуылшы Айбар Жаксылыков пен қорғаушы черногориялық Жарко Томашевич гол соғып, жергілікті жанкүйерлерді қуантқан еді. Ал сейсенбі күні кешкісін Гибралтардағы бес мың жанкүйер сыятын «Виктория» стадионындағы қарымта кездесуде Милан Миланович шәкірттері қарсыластарынан 1:0 есебімен айласын асырып, Конференция лигасының үшінші іріктеу кезеңіне жолдама алды.

→3

**ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!  
«ҚАЗАҚ СПОРТЫ» ГАЗЕТІНІҢ ҰЖЫМЫ  
ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫСҚА ШЫҒУЫНА  
БАЙЛАНЫСТЫ ГАЗЕТТІҢ КЕЛЕСІ САНЫ  
3 ҚЫРКҮЙЕКТЕ ШЫҒАДЫ.**

### БАСПАСӨЗ-2022



Мырзағали АЙТЖАНОВ,  
бокстан әлемінің екі дүркін «Ең үздік балкері»

### ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Қадірлі спорт жанкүйерлері, спорт мамандары, жаттықтырушылар мен спортшылар, «Қазақ спорты» газетіне 2022 жылға жазылу науқаны жалғасып жатыр.

Сүйікті газеттеріңіздің жыл бойы үйге келіп тұрғанын қаласаңыз, бір жылға толық жазылыңыздар!

«Қазақ спорты» газетінің индексі жеке жазушылар үшін – 64190, кәсіпорындар мен ұйымдар үшін – 14190.

### ГАЗЕТТІҢ БАҒАСЫ ЖӘНЕ ҚАЙДА ЖАЗЫЛУҒА БОЛАДЫ?

«Қазпошта»		1 ай (2 ай)	3 ай (4 ай)	6 ай	12 ай	
Индексі	Жазылымды қабылдау шарттары: - жеке жазылушылар үшін - кәсіпорындар мен ұйымдар үшін - жеңілдікпен жазылу					
64190	Жеке жазылушылар үшін	446,25 464,87	1338,75 1394,61	2677,50 2789,22	5355,00 5578,44	Қала Аудан/ауыл
14190	Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	686,25 704,87	2058,75 2114,61	4117,50 4229,22	8235,00 8458,44	Қала Аудан/ауыл
«Эврика пресс»						
64190	Жеке жазылушылар үшін	487,00	1461,00	2922,00	5844,00	
14190	Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	756,00	2268,00	4536,00	9072,00	
«Еуразия пресс»						
64190	Жеке жазылушылар үшін	492,00	1476,00	2952,00	5904,00	
14190	Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	761,00	2283,00	4566,00	9132,00	
«Бектұрғанов»						
64190	Жеке жазылушылар үшін	507,00	1521,00	3042,00	6084,00	



Нелли КИМ, бес дүркін Олимпиада чемпионы:

# ҚАЗАҚ ЕЛІНЕ АЛҒЫСЫМ ШЕКСІЗ



**КЕШЕ, ЯҒНИ 29 ШІЛДЕДЕ ҚАЗАҚСТАННЫҢ МАҚТАНЫШЫ НЕЛЛИ КИМНІҢ ТУҒАН КҮНІ БОЛЫП ӨТТІ. ОЛИМПИА ОЙЫНДАРЫ МЕН ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТТАРЫНДА БЕС РЕТТЕН АЛТЫННАН АЛҚА ТАҒЫП, ӘЛЕМДІК СПОРТ ТАРИХЫНДА ӨШПЕС ІЗ ҚАЛДЫРҒАН ЕЛІМІЗДІҢ ДАҒҚТЫ ГИМНАСШЫСЫ 65 ЖАСҚА ТОЛАДЫ.**

Нелли 1957 жылдың 29 шілдесінде дүниеге келді. Ол Тәжікстанның солтүстік беткейінде орналасқан Согдий облысының Шураб ауылында туғанымен, спортшы ретінде Қазақстанда қалыптасты. Болашақ жұлдыздың балауса шағында ата-анасы Шымкентке қоныс аударған. Сол жақта Ким жергілікті жаттықтырушы Владимир Байдиннің қол астында спорттық гимнастиканың қыр-сырына қанығып, уақыт оза биік белестерді бағындырды.

Жетпісінші жылдары спорттың бұл түрінде кілең жұлдыздар бір-бірімен сайысқа түсіп, аса ірі халықаралық жарыстардың жүлделерін өзара сарапқа салып жүрді. Солардың арасынан Людмила Турищева, Ольга Корбут, Елена Мухина, Эльвира Саади (КСРО), Надя Комэнечи, Теодора Унгурияну (Румыния), Карола Домбек, Аннелора Цинке, Ангелика Хельман (ГДР), Марта Эгервари (Мажарстан) және тағы басқаларды бөле-жара атап өтсек, еш айыбы жоқ. Солардың қатарында біздің Нелли де болды.

Қазақстандық гимнасшы Одақ көлеміндегі жарыстарда озған соң, халықаралық додаларда бақ сынап бастады. 1974-1980 жылдары ол әлем чемпионатында 11 рет (5 алтын+4 күміс+2 қола) жеңіс тұғырына көтерілді. Еуропа біріншілігінде тоғыз мәрте

(2+3+4) олжаға кенелді. 1976 жылы Монреальда алауы тұтанған Олимпия ойындарында Нелли Ким еркін жаттығу мен қолды тіреп жасалатын жаттығуда ең жоғары 10 ұпайды иеленіп, бас жүлдені олжалады. Соның алдында ғана дәл сондай көрсеткішке Комэнечи де қол жеткізген еді. Осылайша, олардың есімдері аса жоғары бағаға иелік еткен тұңғыш гимнасшылар ретінде тарихта қалды. Бұл тартыста ол Людмила



Турищева, Карола Домбек және Надя Комэнечиді артта қалдырды. Сондай-ақ жерлесіміз командалық бәсекеде алтын алып, көпсайыста күміспен күптелді.

1980 жылы Мәскеу Олимпиадасында Ким екі рет теңдессіз деп танылды. Еркін жаттығуда ол Надя Комэнечимен бірдей нәтиже көрсетсе, Макс Гнаука пен Наталья Шапошникова үшінші орынды иеленді. Командалық сайыста өте күшті бәсекелестік өрбиді. Құрамында Комэнечиден бөлек, Эмилиа Эберле, Родика Дунка, Мелита Рюн, Кристина Григораш және Думитрица Турнер сынды мықтылары бар румыниялықтар өте күшті қарсылық көрсетті. Қола медальды қанағат тұтқан ГДР-дың да бастапқыдағы қарқыны қатты болды. Десек те, бұл бәсекеде КСРО гимнасшылары алдарына жан салмады. Алтыннан алқа таққандар арасында Елена Давыдова, Наталья Шапошникова, Мария Филатова, Стелл Захарова және Елена Наймушинамен бірге біздің Нелли Ким де бар еді.

Үлкен спорттан қол үзгеннен кейін отандасымыз Оңтүстік Корея, Италия және Беларусь құрамаларын жаттықтырды. Басқа да мемлекеттерде бапкерлік қызмет атқарды. Әлемдегі ең белді төрешілердің бірі ретінде көптеген дүбірлі долада қазылық етті. 2004 жылы Ким Халықаралық гимнастика федерациясы техникалық комитетінің төрайымы болып сайланды.

Бұл күндері АҚШ-тың Миннеаполис қаласында тұрып жатқан Нелли Ким қай жерде жүрсе де Қазақ еліне алғысын айтады.

## ЖҮЛДЕГЕРЛЕР МАРАПАТТАЛДЫ

**АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНДАҒЫ «АНКАРА» ҚОНАҚҮЙІНІҢ «АСТАНА» ЗАЛЫНДА ТАЕКВОНДОДАН БИЫЛҒЫ АЗИЯ ЧЕМПИОНАТЫНЫҢ ЖҮЛДЕГЕРЛЕРІН МАРАПАТТАУ ЖӘНЕ КАДЕТТЕР ҚҰРАМАСЫН ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫНА ШЫҒАРЫП САЛУ РӘСІМІ ӨТТІ, ДЕП ХАБАРЛАЙДЫ ФЕДЕРАЦИЯНЫҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.**

Жиынға Қазақстан таеквондо федерациясының Экономика және қаржы жөніндегі вице-президенті Қанат Сағынаев пен Спорт мәселелері жөніндегі вице-президент Қайрат Дүйсенов қатысып, сары құрлық біріншілігінен

– көптеген адамдар, әсіресе өскелең ұрпақ үшін үлгі», - делінген президенттің құттықтау хатында.

Өз кезегінде Қанат Сағынаев: «Ізбасарларыңыз сіздерден жоғары көрсеткіштерге, биік мақсатқа жету

Сонымен қатар тамыз айында өтетін Ислам ынтымақтастық ойындарында сәттілік тіледі.

Естеріңізге сала кетейік, Азия біріншілігі Оңтүстік Кореяның Чхунчхон қаласында маусымның 24-27-сі аралығында өтіп, онда қазақстандық таеквондошылар бір күміс, жеті қола медаль иеленді: Рита Бакишева (46 кг), Ботагөз Қапанова (49 кг), Нұрай Құсайынова (67 кг), Жансель Дениз (күміс медаль, 73 кг), Жасурбек Исраилов (58 кг), Әділет Базарбаев (63 кг), Нұрлан Мырзабаев (80 кг) пен Смайыл Дүйсебай (87 кг).

Сонымен қатар басшылық та, аға буын өкілдері де әлем біріншілігіне аттанып бара жатқан ізбасарларына ақ тілегін жеткізді.

«Әлем чемпионатына қатысу – үлкен мүмкіндік әрі жетістік, сонымен қатар зор жауапкершілік: себебі Болгарияға Қазақстанның абыройын асқақтату үшін кетіп барсыздар. Бұл мінез бен төзімділіктің сыңға түсетін кезі.

Сіздер қажыр мен қайратты талап ететін дайындық жұмыстарын өткердіңіздер. Сондықтан сіздерге ең алдымен сәттілік жолдас болсын дегім келеді. Өз-өзіңізге деген сенімділікті жоғалтпаңыздар!

Барлығыңызға сәттілік тілейміз! Біз сіздер үшін жанкүйер боламыз», - деді Қайрат Дүйсенов.

Өз кезегінде федерация басшылығы кадеттер құрамасына жан-жақты қолдау көрсетілетінін алға тартты.

Айта кетейік, таеквондодан кадеттер арасында әлем біріншілігі 28-31 шілде аралығында Болгария астанасы Софияда өтеді. Оған Қазақстаннан 20 спортшы қатысады.



жүлделі оралған таеквондошыларымызға Қазақстан таеквондо федерациясының президенті Вячеслав Кимнің атынан қаржылай сыйлықтар табыстап, құттықтауын жеткізді.

«Құрметті спортшылар! Ең алдымен сіздерге қажырлы еңбек пен жетістіктеріңіз үшін алғыс айтқым келеді. Сіздер қайсар мінез бен жеңіске деген ұмтылыстың үлгісін паш еттіңіздер. Сіздердің жетістіктеріңіз

жолында аянбау керектігін, соңына дейін күресу керектігін үйренеді.

Бапкерлер мен жаттықтырушыларыңыздың еңбегі де орасан. Олар әрқашан сіздердің қасыңыздан табылды, қолдап, демеді, жігерлендірді. Тіпті сіздің әлеуетіңіз бен мүмкіндігіңізге, жеңісіңізге сізден де артық сенді.

Деніңіз сау, жаракаттан аман болыңыздар, бағындырар белестеріңіз биік болсын деп тілеймін!» – деді.

## ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫНДА КҮМІС МЕДАЛЬ ЕНШІЛЕДІ

**ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ТАЕКВОНДОШЫ ЯРИНА ПУГАНЦОВА ТАЕКВОНДОДАН КАДЕТТЕР АРАСЫНДА ӨТІП ЖАТҚАН ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫНДА ЕКІНШІ ОРЫН АЛДЫ, ДЕП ХАБАРЛАЙДЫ ФЕДЕРАЦИЯНЫҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.**

Жарыстың алғашқы күнінде 29 кг салмақта өнер көрсеткен Ярина Пуганцова командалық алғашқы медальды салды.

Финалға дейін жерлесіміз үш кездесу өткізіп, барлығында жеңіске жеткенімен, алтын үшін таласта ол ирандық Баран Ливани Джамалға есе жіберді. Осылайша жекпе-жек нәтижесі қарсыластың пайдасына шешілді. Ал Пуганцова – әлем



чемпионатының күміс жүлдегері. Айта кетейік, Софиядағы

(Болгария) әлем чемпионатында 77 елдің спортшылары бақ сынауда.

**Эльмир ӘЛІМЖАНОВ:**

## МАҚСАТЫМА ЖЕТУ ҮШІН БІРДЕ-БІР КҮН БОСАҒСЫҒАН ЕМЕСПІН

**КАИРДЕ СЕМСЕРЛЕСУДЕН ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫ АЯҚТАЛДЫ. ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР РУСЛАН ҚҰРБАНОВ ПЕН ЭЛЬМИР ӘЛІМЖАНОВ АЛТЫНШЫ ЖӘНЕ ЖЕТІНШІ ОРЫНДАРДЫ ИЕЛЕНДІ.**



Әлімжанов әлем біріншілігі аясында әлем чемпионы мажарстандық Гергели Сиклоси секілді бірнеше азулы қарсыласпен жекпе-жек өткізді. Медаль жеңіп алу мүмкіндігі болғанымен, оған нақтылық пен жинақылық жетіспеді. Сұхбатта семсерлесуші әлем чемпионатында жеңіске не кедергі болғанын айтты, деп хабарлады Olympic.kz.

«Жалпы алғанда, осы әлем чемпионатында әлемнің 200-ге жуық семсерлесушісінің арасында мықты деген үздік сегіз спортшының қатарына кірдім. Бірақ нәтижеме әлі де көңілім толмайды. Өйткені 2011 жылы медальға бір қадам жетпей тоқтап, сол кезде тура осындай сегізінші орынға ие болған едім. Сондықтан, жеңіске тағы бір қадам жетпей қалу өкінішті-ақ.

Әлем чемпионаты маусымның соңғы жарысы болғандықтан дайындықты өте жақсы өткізген едік. Келесі әлем чемпионаты Париж Олимпиадасына іріктеу болып табылады. Соған тыңғылықты дайындық жүргізуім керек.

Әлем біріншілігі алдында Испанияда оқу-жаттығу жиынынан өттік. Онда алты елден 25-тен астам семсерлесуші келді. Айтпақшы,

Каирде өткен әлем чемпионатының сегіз финалистің алтауы сол оқу-жаттығу жиынында болды.

Оның ішінде Бельгиядан медальға таласқан қарсыласым Нейсер Лойола да бар. Біз онымен күн сайын жаттығып жүрдік. Мен оны негізінен жеңіп жүргенмін. Алайда, чемпионатта қарсыласқа жол беріп қойдым. Жеңіске жету мүмкіндігім зор болды. Бірақ, менің ойымша, маусымның ең маңызды турниріне біздің техникалық тұрғыда дайын болмауымыз әсер етті.

Қасымызда не дәрігер, не массаж жасаушы болған жоқ. Турнир барысында менде өте ауыр шайқастар болды, шиеленіс күшейе түсті. Марокколық Хусам Эльнордты (әлемдік рейтингтің 13-ші нөмірі) және бұған дейінгі әлем чемпионы венгр Гергели Сиклосиді жеңдім.

Ең маңызды жекпе-жекке келгенде шаршап қалғандаймын, жекпе-жектер арасындағы үзіліс те қысқара берді, тез арада қалпына келуіме көмекке келушілер болмағандықтан, өз күшімнен дайындалдық. Әрине, бұл жеткіліксіз еді. Мақсатыма жету үшін бір күн де босанбаған емеспін. Әрі қарай тыңғылықты дайындалып, жеңіске жетуге ұмтыла беру керек», деді Әлімжанов.

Бетті дайындаған – Зағфар КЕРІМ





Мерей СҮЙІНОВ:

## ТАЛДЫҚОРҒАНДА СУ СПОРТЫНА ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚ ЖОҒАРЫ, БІРАҚ МАМАНДАР АЗ

**БЫЛТЫР ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНІҢ 30 ЖЫЛДЫҒЫ ҚАРСАҢЫНДА ТАЛДЫҚОРҒАНДА ОРТАЛЫҚ АЗИЯДА ТЕНДЕСІ ЖОҚ ЖҮЗУ БАССЕЙНІ САЛЫНДЫ ДЕГЕНДІ ЕСТІГЕН ЕДІК. СОНЫ ӨЗ КӨЗІМІЗБЕН КӨРУДІҢ МҮМКІНДІГІ ТУДЫ. ЖАҚЫНДА ТАЛДЫҚОРҒАНҒА БАРҒАН САПАРЫМЫЗДА «ТАЛДЫҚОРҒАН ОРТАЛЫҚ ЖҮЗУ БАССЕЙНІН» АРАЛАП, ДИРЕКТОРЫ МЕРЕЙ СҮЙІНОВПЕН Әңгімелескен едік.**

Орталықты басқарып отырған азамат жас болғанымен, осал емес. Каратенің киокушинкай түрінен қазақтан шыққан тұңғыш әлем чемпионы. Спорттық карьерасын аяқтаған соң, еңбек жолына араласып, тәжірибе жинақтаған. Сол кездегі Алматы облысының әкімі Амандық Баталов сенім артып, жаңа мекемеге жетекші етіп тағайындаған.

– Мерей, алдымен «Талдықорған орталық жүзу бассейні» туралы айтсаңыз?

– Былтыр елорданың туған күнінде ресми түрде ашылған. Бір жылдан бері қызмет істеп жатырмыз. Бассейн әлемдік стандарттарға сай келеді. Заманауи жүзу бассейні 3,8 га жерді алып жатыр. Бұл ғимараттың жалпы ауданы 13 мың шаршы метрден асады. Әмбебап бассейн – жүзу, су добы және үйлесімді (синхронды) жүзуден оқу-жаттығу өткізуге, тұрғындар үшін сауықтыруға арналған. Ал көрермендер трибунасы 570 орынға лайықталған.

– Қазіргі кезде орталықта қанша бала жаттығып жатыр? Неше бапкер жұмыс істейді?

– Бассейнге деген облыс тұрғындарының қызығушылығы өте жоғары. Instagram-да парақшамызды ашып, хабарландыру жасаған күні бірден 5 мыңға жуық адам парақшаға тіркелді. Осыдан-ақ қызығушылықтың қандай деңгейде екенін байқауға болатын шығар. Қазіргі кезде 1500 бала жаттығады, 30 бапкеріміз бар.


– Мұндай әлемдік деңгейдегі

кешенге білікті жаттықтырушылардың қажет екені түсінікті ғой...

– Біз еліміздегі су спорт түрлерінің үздік мамандарының барлығымен хабарластық. Қызметке шақырдық. Синхронды жүзуден Олимпиада ойындарына қатысқан, халықаралық дәрежедегі спорт шебері Айнұр Кереймен де келіссөз жүргіздік. Ол өз командасымен бірге келгісі келеді. Сосын тұрғын үй мәселесін шешіп бергенімізді қалайды. Бізді көбінесе осы жағы қинайды. Қызметкерлерімізді тұрғын үймен қамтамасыз етуге мүмкіндік жоқ. Сондықтан Айнұр секілді сырттан келетін білікті бапкерлерге облыс әкімдігімен бірлесіп, шешіп беруге тырысып жатырмыз. Алдағы уақытта жақсы хабар болып қалады деп үміттенеміз.

– Қандай жарыстарға қатысып жүрсіздер?

– Қазақстанда өтетін бәсекелерден қалмаймыз. Ал шетелдегі сайыстарға босқа ақша шашпаймыз. Әрбір тиынды дұрыс жұмсау – міндетіміз. Өзімізде де додалар өткізіп тұрамыз. Бір айта кетерлігі, синхронды жүзуден Қазақстан чемпионатының регламентінің басқа спорт түрлерімен салыстырғанда айырмашылығы бар екен. Өзге спорт түрлерінде ел чемпионы атанғандарға «спорт шебері» атағы берілсе, жүлдегелер кандидат болады. Мұнда ұлттық құрама мүшелері Қазақстан құрамасының атынан қатысады. Яғни өздері туған өңірдің намысын емес, ұлттық құраманың мүшесі ретінде бақ сынайды. Сондықтан



олар бас бәйгені жеңіп алады. – Жалпы, осындай орталықтар ашып, жағдай жасаса, бұл спорт түрінен Қазақстанда болашағы зор деп айтуға бола ма?

– Әлбетте. Білікті бапкерлер болса су спортынан да талай дарындарды тәрбиелеп шығаруға болады. Қызығушылық өте жоғары. Өздеріңіз білесіздер, Олимпиада ойындарында өте көп жүлде сарапқа салынады. АҚШ-тың атақты спортшысы Майкл Фелпстің Олимпиада ойындарынан жеңіп алған алтындарының саны жалпы Қазақстанның 30 жылдағы жеңгенінен көп. Сондықтан мұндай спорт түрлеріне көңіл бөлуіміз керек.

– Бір жылдың ішінде «Талдықорған орталық жүзу бассейнінде» қандай жарыстар ұйымдастырылды?

– Жүзуден республикалық Жетісу кубогы өтті. Енді бұл дода дәстүрлі түрде болады. Үйлесімді жүзуден Қазақстан чемпионатын қабылдадық. Әр айдың соңында бассейнін өз шәкірттеріне

жарыс ұйымдастырып тұрамыз.

– Ал енді жеке өзіңізге келсек, 2015 жылы киокушинкай каратеден әлем чемпионы атандыңыз. Сол кезде чемпионның құрметіне қойылатын гимннің ауысып кеткені көпшіліктің есінде. Бірақ сіз талап етіп, жаңа әнұранды қойғыздыңыз. Осы туралы айтып өтсеңіз?

– Жеңістің буымен ескі әнұран қойылғанда шайқалып тұра беретіндер кездеседі. Бірақ мен ондайға жол бермедім. Бірден ұйымдастырушылардан Қазақстанның ресми жаңа әнұранын талап еттім. Олар «Яндекс» іздеу жүйесінен қарап, бұрынғы гимнді қоя салған. Мен Google-ден «Алтын күн аспаны» деп басталатын әнұранды тауып бердім. Сөйтіп, ұйымдастырушылар кешірім сұрап, қателікке бой алдырған қызметкердің жұмыстан қуылғанын айтты.

– Каратенің түрі өте көп. Тіпті, сіз чемпион болған киокушинкай карате мен шинкиокушинкайдың айырмашылығын білмейміз. Осының

ара-жігін ажыратып беріңізші?

– Бұлардың бір-бірінен асып бара жатқан айырмашылығы жоқ. Тек Жапонияда бірнеше карате федерациясы бар. Әрқайсының өз жарғылары, ережелері бекітілген. Жалпы, татамидегі белдесу бір-біріне өте ұқсас. Мен айналысқан киокушинкай негізінен ұпай жинау бойынша ерекшеленеді. Мұнда қорғана жүріп жеңіп кетуге болмайды. Киокушинкайда соққының тиімділігіне көп мән беріледі, жай ғана соққыға ұпай берілмейді.

– Былтыр Токио Олимпиадасының бағдарламасына алғаш рет карате спорты енді. Төрт жылдықтың басты додасына дейін спортта жүрмегеніңізге өкінібедіңіз бе?

– Жоқ, мен өз шешіміме ешқашан өкінген емеспін. Оның үстіне Токио Олимпиадасында жүлделер сарапқа салынған кумите мен мен өнер көрсеткен карате кеуэі екі бөлек.

Бек ТӨЛЕУ

## УЕФА КОНФЕРЕНЦИЯ ЛИГАСЫНДА

«ТОБЫЛ» МЕН «ҚЫЗЫЛЖАР» ЖАРАДЫ, «ҚАЙРАТ» ПЕН «АСТАНА» ЖЕРГЕ ҚАРАДЫ



← 1

Бірінші матчтағы басымдықтан кейін жауапты кездесудің фавориті саналған «Тобыл» сырт алаңдағы бәсекенің алғашқы минутынан бастап ойын тізгінін қолына алып, алаң иелерін біраз әбiгерге салды. Кездесудің 30 минутына дейін жергілікті футболшылар «Тобылдың» қарқынына төтеп бергенімен, әрі қарай шамасы жетпеді. Сөйтіп, кездесудің 31-минутында сербиялық легионер Зоран Тошич қарсыластың айып алаңында бірнеше футболшыны еркін алдап өтіп, жеке шеберлігінің арқасында Дэйл Коулинг

қорғаған қақпадан саңылау тапты – 1:0. Бірінші таймның соңына дейін біздің жігіттерде есепті еселейтін бірнеше мүмкіндік болғанымен, шешуші сәтте мүлт кетіп жатты.

Үзілістен кейін де «Тобыл» футболшылары шабуылын бәсеңдеткен жоқ. Екінші 45 минуттың ішінде қостанайлықтар «Линкольн Ред Импс» қақпасына 10 соққы жасап, оның төртеуін қақпаға дәл бағыттады. Алайда Дэйл Коулинг қырағылық танытып, қақпасына бірде-бір гол өткізген жоқ. Алаң иелері екінші таймда екі мәрте қауіпті шабуыл ұйымдастырғанымен, Мокиннен айласын асыра алмады.

Осылайша, екі матчтың қорытындысы бойынша 3:0 есебімен жеңіске жеткен «Тобыл» турнирдің келесі сатысына шықты.

Жерлестеріміз Конференция лигасының үшінші айналымында «Зриньски» (Босния және Герцеговина) командасымен 4 тамызда сырт алаңда кездеседі.

Ал бейсенбі күні Қазақстанның үш командасы – «Астана», «Қайрат» және «Қызылжар» Конференция лигасының екінші іріктеу кезеңіндегі қарымта матчтарын өткізді.

Сырт алаңда Польшаның «Ракув» клубынан 5:0 есебімен ойсырай

жеңілген «Астана» өз алаңында қатырып ойын өрнегін көрсете алмай, 0:1 есебімен есесі кетті. Осылайша елорданың командасы қарсыластына бірде-бір гол соға алмай, турнирді ерте аяқтады.

Алматының «Қайраты» да «Астананың» күйін кешті. Алматыда Мажарстанның «Кишварда» клубынан 0:1 есебімен жеңілген қайраттықтар сырт алаңда да осындай есеппен есесі кетті.

Бұл жерде «Қызылжар» кішігірім сенсация жасады. Петропавлдағы футбол стадионы УЕФА-ның талаптарына сай келмегендіктен,

«Қызылжар» Конференция лигасы аясындағы ойынды «Астана-Аренада» өткізуге мәжбүр болды. Қызылжарлықтар алғашқы матчта Хорватияның «Осиек» 1:2 есебімен жеңіліп қалды. Осы ойыннан кейін мамандар мен жанкүйерлер түзде өтетін қарымта ойында «Қызылжардың» жеңіске жететініне күмәнмен қараған еді. Алайда Әли Әлиев жаттықтыратын команда Хорватияда барын салып, қарсыластарын 2:0 есебімен жеңіп кетті. Аталған команда үшінші іріктеу кезеңін 4 тамызда сырт алаңда Кипрдің АПОЭЛ командасы қарсы ойнайды.



# ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫНДАҒЫ ЖЕТІСТІГІМІЗ

**ЖЕҢІЛ АТЛЕТИКАДАН АҚШ-ТА ӨТКЕН ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫНДА ЕЛІМІЗ АЛҒАШ РЕТ АЛТЫН ЖҮЛДЕГЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗДІ. БҰЛ СЫНДА 49 ЖАТТЫҒУ ТҮРІНЕН ӨТКЕН ДҮБІРЛІ ДОДАҒА ЕЛІМІЗДЕН 12 СПОРТШЫ ҚАТЫСЫП, 13 ЖАТТЫҒУДА ЖҮЛДЕГЕ ТАЛАСТЫ.**

## НЕШЕ СПОРТШЫМЫЗ ҚАТЫСТЫ?

- 1993 жыл. (Германия) 11 спортшы (9 ер, 2 әйел)
- 1995 жыл. (Швеция) 15 спортшы (10 ер, 5 әйел)
- 1997 жыл. (Грекия) 14 спортшы (7 ер, 7 әйел)
- 1999 жыл. (Испания) 17 спортшы (8 ер, 9 әйел)
- 2001 жыл. (Канада) 17 спортшы (6 ер, 11 әйел)
- 2003 жыл. (Франция) 17 спортшы (5 ер, 12 әйел)
- 2005 жыл. (Финляндия) 7 спортшы (3 ер, 4 әйел)
- 2007 жыл. (Жапония) 15 спортшы (4 ер, 11 әйел)
- 2009 жыл. (Германия) 14 спортшы (6 ер, 8 әйел)
- 2011 жыл. (Оңт. Корея) 14 спортшы (2 ер, 12 әйел)
- 2013 жыл. (Ресей) 17 спортшы (7 ер, 10 әйел)
- 2015 жыл. (Қытай) 12 спортшы (4 ер, 8 әйел)
- 2017 жыл. (Ұлыбритания) 13 спортшы (1 ер, 12 әйел)
- 2019 жыл. (Бахрейн) 8 спортшы (3 ер, 5 әйел)
- 2022 жыл. (АҚШ) 12 спортшы (2 ер, 10 әйел)

- 3000 метрге кедергімен жүгіру. 26 жастағы Нора Жеруто – чемпион.
- 400 метрге жүгіру. 26 жастағы Михаил Литвин – 9-орын.
- 20 км. Спорттық жүріс. 32 жастағы Георгий Шейко – 28-орын.
- 35 км. Спорттық жүріс. Георгий Шейко – 35-орын.
- 100 метрге жүгіру. 30 жастағы Ольга Сафронова – 41-орын.
- 200 метрге жүгіру. Ольга Сафронова – 37-орын.
- 5000 метрге жүгіру. 28 жастағы Каролин Чепкоеч Кипкируи – 7-орын.
- 10 000 метрге жүгіру. Каролин Чепкоеч Кипкируи – 7-орын.
- Марафон. 28 жастағы Жанна Мамажанова – 21-орын.
- 3000 метрге кедергімен жүгіру. 26 жастағы Дэйси Жепкемей – 19-орын.
- 20 км. Спорттық жүріс. 34 жастағы Галина Якушова – 33-орын.
- 35 км. Спорттық жүріс. Галина Якушова – 17-орын.
- 35 км. Спорттық жүріс. 32 жастағы Полина Репина – дисквалификация.
- Биіктікке секіру. 24 жастағы Надежда Дубовицкая – 8-орын.
- Биіктікке секіру. 21 жастағы Кристина Овчинникова– 20-орын.
- 3 қарғып секіру. 23 жастағы Мария Ефремова – 28-орын.

## ЖҮЛДЕЛЕР КЕСТЕСІНДЕГІ ОРНЫМЫЗ

- 1993 жыл (Германия): 23-орын (1 күміс)
- 1995 жыл (Швеция): 29-орын
- 2001 жыл (Канада): 36-орын
- 2003 жыл (Франция): 40-орын
- 2007 жыл (Жапония): 36-орын
- 2009 жыл (Германия): 24-орын (1 күміс)
- 2015 жыл (Қытай): 35-орын
- 2017 жыл (Ұлыбритания): 37-орын
- 2022 жыл (АҚШ): 22-орын

## ҚАНДАЙ ЕРЕКШЕЛІКТЕР БОЛДЫ?

- Тарихымызда 5 спорт жаттығу түрінен алғаш рет жүлде алдық.
- 3000 метрге кедергімен жүгіру (Алтын медаль).
- 100 метрге кедергімен жүгіру (Күміс, қола медаль).
- Сырықпен секіру (Күміс медаль).
- Жетісайыс (Екі қола медаль).
- 3 қарғып секіру (Екі қола медаль).
- 3000 метрге кедергілермен жүгіру, 5000 метр және 10 000 метрге жүгіру сайыстарында алғаш рет елімізден спортшыларымыз бақ сынады.
- Ольга Сафронова 6-шы мәрте әлем чемпионатында өнер көрсетті.
- 400 метр, 5000 метр, 10 000 метр, марафон және 3000 метрге жүгіру сайыстарында атлеттеріміз әзірге ең үздік нәтижені көрсетті.

## БҰҒАН ДЕЙІНГІ ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТТАРЫНДАҒЫ КӨРСЕТКІШТЕРІМІЗ:

- 1993 жыл. 11 спортшы (9 ер, 2 әйел)
- Сырықпен секіру. Григорий Егоров – күміс жүлдегер.
- Сырықпен секіру. Александр Корчагин – қатыспады.
- Сырықпен секіру. Игорь Потапович – 14-орын.
- 100 метр. Виталий Савин – 18-орын
- 20 км. Спорттық жүріс. Валерий Борисов – мәреге жете алмады.
- 50 км. Спорттық жүріс. Сергей Корепанов – 10-орын.
- 3 қарғып секіру. Олег Сакиркин – 24-орын
- 3 қарғып секіру. Сергей Арзамасов – 42-орын.
- Ядро лақтыру. Сергей Рубцов – 20-орын.
- Найза лақтыру. Виктор Евсюков – 37-орын.

- 400 метрге кедергімен жүгіру. Наталья Торшина – 8-орын.
- Биіктікке секіру. Светлана Залевская – 11-орын.

## 1995 ЖЫЛ. (ШВЕЦИЯ) 15 СПОРТШЫ (10 ЕР, 5 ӘЙЕЛ)

- 100 метрге кедергімен жүгіру. Ольга Шишигина – күміс жүлдегер.
- 100 метр. Виталий Савин – 25-орын
- 100 метр. Виталий Медведев – 48-орын
- 20 км. Спорттық жүріс. Валерий Борисов – 29-орын.
- 50 км. Спорттық жүріс. Сергей Корепанов – 9-орын.
- Сырықпен секіру. Игорь Потапович – 9-орын.
- Сырықпен секіру. Александр Корчагин – 32-орын.
- Сырықпен секіру. Григорий Егоров – қатыспады.
- 3 қарғып секіру. Олег Сакиркин– 12-орын.
- 3 қарғып секіру. Сергей Арзамасов – қатыспады.
- Ядро лақтыру. Сергей Рубцов – 16-орын
- 400 метрге кедергімен жүгіру. Наталья Торшина – 8-орын.
- 10 км. Спорттық жүріс. Мая Сазонова 28-орын.
- Биіктікке секіру. Светлана Залевская – 24-орын.
- Жетісайыс. Светлана Казанина – сайысты аяқтамады.

## 1997 ЖЫЛ. (ГРЕКИЯ) 14 СПОРТШЫ (7 ЕР, 7 ӘЙЕЛ)


- 110 метрге кедергімен жүгіру. Андрей Скляренко – жарысқа шықпады.
- 20 км. Спорттық жүріс. Валерий Борисов – 35-орын.
- 50 км. Спорттық жүріс. Сергей Корепанов– 12-орын.
- Сырықпен секіру. Игорь Потапович – 14-орын.
- Сырықпен секіру. Александр Корчагин – секіре алмады.
- 3 қарғып секіру. Сергей Арзамасов – 26-орын.
- Ядро лақтыру. Сергей Рубцов – 25-орын.
- 200 метрге жүгіру. Светлана Бодрницкая – 42-орын.
- 400 метрге жүгіру. Светлана Бодрницкая – 27-орын.
- 400 метрге кедергімен жүгіру. Наталья Торшина – 19-орын.
- 10 км. Спорттық жүріс. Светлана Толстая – 13-орын.
- 10 км. Спорттық жүріс. Мая Сазонова – финалға қатыспады.
- Ұзындыққа секіру. Елена Першина – 23-орын.
- 3 қарғып секіру. Оксана Зелинская – дисквалификация.
- Жетісайыс. Светлана Казанина – жарысты аяқтамады.

## 1999 ЖЫЛ. (ИСПАНИЯ) 17 СПОРТШЫ (8 ЕР, 9 ӘЙЕЛ)

- 100 метрге жүгіру. Виталий Медведев – 29-орын.
- 200 метрге жүгіру. Геннадий Черновой – 48-орын.
- 20 км. Спорттық жүріс. Валерий Борисов – 21-орын.
- 50 км. Спорттық жүріс. Сергей Корепанов – мәреге жетпеді.
- Сырықпен секіру. Игорь Потапович – 7-орын.
- Сырықпен секіру. Григорий Егоров – жарысқа қатыспады.
- 3 қарғып секіру. Сергей Арзамасов – 28-орын.
- 3 қарғып секіру. Олег Сакиркин – 24-орын.
- 400 метрге жүгіру. Светлана Бодрницкая – 38-орын.
- 100 метрге кедергімен жүгіру. Ольга Шишигина – 4-орын.
- 400 метрге кедергімен жүгіру. Наталья Торшина – 12-орын.
- 20 км. Спорттық жүріс. Мая Сазонова – 8-орын.
- 20 км. Спорттық жүріс. Светлана Толстая – 19-орын.
- Биіктікке секіру. Светлана Залевская – 8-орын.
- Ұзындыққа секіру. Елена Першина – 21-орын.
- Ұзындыққа секіру. Елена Кошечева – 23-орын.
- Жетісайыс. Светлана Казанина – 15-орын.

## 2001 ЖЫЛ. (КАНАДА) 17 СПОРТШЫ (6 ЕР, 11 ӘЙЕЛ)

- 100 метрге кедергімен жүгіру. Ольга Шишигина – қола жүлдегер.
- 100 метрге жүгіру. Геннадий Черновой – 26-орын.
- 200 метрге жүгіру. Геннадий Черновой – 21-орын.
- 110 метрге кедергімен жүгіру. Андрей Скляренко – 35-орын.
- 20 км. Спорттық жүріс. Сабыр Шарюяев – 24-орын.



- 50 км. Спорттық жүріс. Сергей Корепанов– 20-орын.
- 3 қарғып секіру. Сергей Арзамасов – 23-орын.
- 100 метрге жүгіру. Виктория Ковирева – 35-орын.
- 800 метрге жүгіру. Светлана Бадранкова – 12-орын.
- 400 метрге кедергімен жүгіру. Наталья Торшина – 13-орын.
- 20 км. Спорттық жүріс. Мая Сазонова – дисквалификация.
- 20 км. Спорттық жүріс. Светлана Толстая – дисквалификация.
- Биіктікке секіру. Светлана Залевская – 19-орын.
- Ұзындыққа секіру. Елена Кошечева – 13-орын.
- 3 қарғып секіру. Елена Парфенова – 20-орын.
- Ядро лақтыру. Иоланта Ульева – 19-орын.
- Жетісайыс. Светлана Казанина – сайысты аяқтамады.

## 2003 ЖЫЛ. (ФРАНЦИЯ) 17 СПОРТШЫ (5 ЕР, 12 ӘЙЕЛ)

- Жетісайыс. Дмитрий Карпов – қола жүлдегер.
- 100 метрге жүгіру. Геннадий Черновой – 28-орын.
- 200 метрге жүгіру. Геннадий Черновой – 39-орын.
- 400 метрге кедергімен жүгіру. Евгений Мелешенко – 13-орын.
- 20 км. Спорттық жүріс. Валерий Борисов – дисквалификация.
- 50 км. Спорттық жүріс. Сергей Корепанов– 9-орын.
- 800 метрге жүгіру. Татьяна Росланова – 36-орын.
- 400 метрге кедергімен жүгіру. Наталья Торшина – 9-орын.
- Эстафета. 4×400 метр. Татьяна Росланова, Наталья Торшина, Ольга Терешкова, Светлана Бодрницкая – 12-орын.
- 20 км. Спорттық жүріс. Светлана Толстая – 22-орын.
- Биіктікке секіру. Марина Аитова – 22-орын.
- Ұзындыққа секіру. Елена Кошечева 23-орын.
- 3 қарғып секіру. Татьяна Бочарова – 28-орын.
- Ядро лақтыру. Иоланта Ульева – 24-орын.
- Жетісайыс. Светлана Казанина – 11-орын.
- Жетісайыс. Ирина Науменко – 15-орын.

## 2005 ЖЫЛ. (ФИНЛЯНДИЯ) 7 СПОРТШЫ (3 ЕР, 4 ӘЙЕЛ)

- 400 метрге кедергімен жүгіру. Евгений Мелешенко – 14-орын.
- 50 км. Спорттық жүріс. Сергей Корепанов– 19-орын.
- Жетісайыс. Дмитрий Карпов – дисквалификация.
- 400 метрге кедергімен жүгіру. Наталья Торшина – 25-орын.
- 20 км. Спорттық жүріс. Светлана Толстая – 17-орын.
- 3 қарғып секіру. Елена Парфенова – секіремді.
- Жетісайыс. Ирина Науменко – 14-орын.

## 2007 ЖЫЛ. (ЖАПОНИЯ) 15 СПОРТШЫ (4 ЕР, 11 ӘЙЕЛ)

- Жетісайыс. Дмитрий Карпов – қола жүлдегер.
- 400 метрге кедергімен жүгіру. Евгений Мелешенко – 18-орын.
- Марафон. Тахир Мамашаев – мәреге жетпеді.
- Биіктікке секіру. Сергей Засимович – 35-орын.
- 100 метрге жүгіру. Анастасия Виноградова – 42-орын.
- 400 метрге жүгіру. Ольга Терешкова – 36-орын.

- 100 метрге кедергімен жүгіру. Наталья Ивонинская – 27-орын.
- 400 метрге кедергімен жүгіру. Татьяна Азарова – 27-орын.
- 20 км. Спорттық жүріс. Светлана Толстая – 28-орын.
- Биіктікке секіру. Марина Аитова – 7-орын.
- Биіктікке секіру. Анна Устинова – 20-орын.
- 3 қарғып секіру. Ольга Рыпакова – 9-орын.
- 3 қарғып секіру. Елена Парфенова – 23-орын.
- Ядро лақтыру. Иоланта Ульева – 26-орын.
- Жетісайыс. Ирина Науменко – 24-орын.

## 2009 ЖЫЛ. (ГЕРМАНИЯ) 14 СПОРТШЫ (6 ЕР, 8 ӘЙЕЛ)

- 200 метр. Вячеслав Муравьев – 52-орын.
- 20 км. Спорттық жүріс. Рустам Куватов – 3-орын.
- Биіктікке секіру. Сергей Засимов – дисквалификация
- Ұзындыққа секіру. Константин Сафронов – 39-орын.
- 3 қарғып секіру. Евгений Этков – 35-орын.
- Жетісайыс. Дмитрий Карпов – 21-орын.
- 400 метрге жүгіру. Марина Масленко – 29-орын.
- 100 метрге кедергімен жүгіру. Наталья Ивонинская – 29-орын.
- 400 метрге кедергімен жүгіру. Татьяна Азарова – 28-орын.
- 20 км. Спорттық жүріс. Светлана Толстая– 32-орын.
- Биіктікке секіру. Марина Аитова – 13-орын.
- Биіктікке секіру. Екатерина Евсеева – 30-орын.
- 3 қарғып секіру. Ольга Рыпакова – 9-орын.
- 3 қарғып секіру. Ирина Литвененко – 23-орын.

## 2011 ЖЫЛ. (ОҢТУСТІК КОРЕЯ) 14 СПОРТШЫ (2 ЕР, 12 ӘЙЕЛ)

- 3 қарғып секіру. Евгений Этков – қатыспады.
- Жетісайыс. Дмитрий Карпов – 25-орын.
- 100 метрге жүгіру. Ольга Блудова – 37-орын.
- 200 метрге жүгіру. Виктория Зябкина – 31-орын.
- 800 метрге жүгіру. Маргарита Мукашева – 31-орын.
- 100 метрге кедергімен жүгіру. Наталья Ивонинская – 15-орын.
- 100 метрге кедергімен жүгіру. Анастасия Сопрунова – 30-орын.
- Эстафета. 4×400 метрге жүгіру. Александра Кузина, Виктория Яловцева, Марина Масленко, Татьяна Росланова – мәреге жетпеді.
- 3 қарғып секіру. Ольга Рыпакова – 6-орын.
- 3 қарғып секіру. Ирина Эктова – 17-орын.
- 3 қарғып секіру. Марина Аитова– 19-орын.

## 2013 ЖЫЛ. (РЕСЕЙ) 17 СПОРТШЫ (7 ЕР, 10 ӘЙЕЛ)

- Марафон. Михаил Красилов – 50-орын.
- 20 км. Спорттық жүріс. Виталий Аничкин – 45-орын.
- 20 км. Спорттық жүріс. Георгий Шейко – 36-орын.
- Ұзындыққа секіру. Константин Сафронов – 26-орын.
- 3 қарғып секіру. Роман Валиев – 17-орын.
- Сырықпен секіру. Никита Филипов – 14-орын.
- Жетісайыс. Дмитрий Карпов – жарысты аяқтамады.
- 200 метрге жүгіру. Ольга Блудова – 36-орын.
- 200 метрге жүгіру. Виктория Зябкина – 45-орын.



# Нора Джеруто

## КЕНИЯДАН КЕЛГЕН СПОРТШЫ ТУРАЛЫ НЕ БІЛЕМІЗ?

**ШІЛДЕ ҚАЗАҚ СПОРТЫ ҮШІН ЕРЕКШЕ АЙ БОЛДЫ. АЛДЫМЕН ЕЛЕНА РЫБАКИНА ТЕННИСТЕН «УИМБЛДОН» ТУРНИРИНДЕ ТОП ЖАРСА, ОДАН КЕЙІН ЖЕҢІЛ АТЛЕТ НОРА ДЖЕРУТО АҚШ-ТА ӨТКЕН ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫНДА ЖЕҢІСКЕ ЖЕТТІ.**

### ТОКИОҒА БАРҒАНДА, ОЛИМПИАДА ЧЕМПИОНЫ АТАНАР ЕДІ

Бокс, ауыр атлетикадан отандастарымыз әлемдік аренадан медаль алып жатса, ешкім таңғала қоймайды. Өйткені қазақ баласының бұл спорт түрлеріне икемі бар. Бұған дейін талай рет үздіктер қатарынан табылғанбыз. Ал теннис секілді аксүйек спорттан «Үлкен дулыға» санатындағы турнирді бағындыру бұрын-соңды мүмкін емес секілді көрінетін. Сол секілді жеңіл атлетикадан Олимпиада ойындарында қос Ольгамыз (Шишигина мен Рыпакова) чемпион болғанымен, әлем біріншілігінде алтын бұйырмаған. Ол олқылықтың орны осы жолы толды.

Бір ерекшелігі, теннистеги Рыбакина да, «спорт падишасы» саналатын жеңіл атлетикадағы Нора Джеруто да Қазақстанға осыдан 4-5 жыл бұрын келген легионерлер. Екеуінің де спорттағы тұсауы өзге елде кесілген. Қазақстан тек олардың ересектер арасындағы бәсекелерге еркін қатысуына мүмкіндік жасады. Өз кезегінде қыздарымыз сенімді ақтады.

Сонымен, Нора Джеруто деген кім? Ол Қазақстанға 2017 жылдың аяғында келген. Жалғыз емес. Қасында отандастары – Каролин Кипкируи, сінлісі Дэйзи Джепкемей бар. Сосын Шадрак Кочек да осы қыздармен бірге жүр. Бірақ ол әлі азаматтық мәселесін шешкен жоқ. Сол себепті әлем чемпионатына қатыса алмады.

Кенияның төрт спортшысы да Қазақстанның атынан жарыстарға қатысуға рұқсатты 3 жыл күтті. Джеруто, амал жоқ, Токиодағы Олимпиадан тыс қалды. Бақ сынағанда оның осы көрсеткішімен алтынды оп-онай жеңер еді. Атап айтсақ, Күншығыс елінде 3 шақырымға кедергілер арқылы жүгіруден чемпион атанған угандалық Перут Чемутаидың нәтижесі Джерутодан 8 секундқа төмен.

Нораның қайта пандемияның арқасында жолы болды. Тіпті әлем чемпионатына да қатыспас еді. Коронавирусқа байланысты дүниежүзілік дода бір жылға кеш өтіп отыр. Соның арқасында рұқсат алып үлгерді.

Ол Кенияда жүргенде 16 жасында жасөспірімдер арасындағы әлем чемпионатында топ жарған. Ал Қазақстанға 23 жасында келді. Осындай әлеуеті жоғары спортшының отанын тастап кетуге өзіндік себебі бар. Қазіргі кезде Африканың талантты жеңіл атлеттері түзу жалақы төлей алатын елдерді жағалап жүр. 2018 жылы жазғы Азия Ойындарында Бахрейн осындай африкалық спортшыларды жинап, 12 алтын жеңіп алды.

### КЕНИЯДА СПОРТШЫЛАРҒА ЖАЛАҚЫ ТӨЛЕНБЕЙДІ

Нораның агенті Джанни Демадоннаның айтуынша, Кенияда спортшыларға жалақы төленбейді. Тек біздегі ЦСКА мен «Динамо» секілді қорғаныс пен полиция клубтарының намысын қорғаса ғана болмашы алады екен.

– *Тіпті армияның атынан қатысса да, әрі кетсе айына 400 доллар төленеді. Жалғыз жол – коммерциялық жарыстарға қатысып, жүлде алу. Сол себепті барлығына бара береді. Нора Қазақстанда Altai Athletics клубының мүшесі. Мұнда оның оқу-жаттығу жиынының шығынын, бапкерінің жалақысын, массажист пен физиотерапевтінің жалақысын төлеп беріп отыр. Оларға жақсы жалақы қарастырылған, –* дейді Джанни Демадонна.

Қазақстанның жеңіл атлетика федерациясы кениялық атлеттер Altai Athletics клубында 350-750 мың теңге көлемінде жалақы алатынын айтқан. Демадонна Кения үшін тәп-тәуір ақша екенін айтып отыр. Сосын «Гауһар лигасының» кезеңдеріндегі жеңіс үшін алатын сыйақы бар. Кенияда мұндай бонустар қарастырылмаған.

Нораның әлем чемпионатындағы алтыны үшін Қазақстан үкіметі 15 мың АҚШ доллар береді (7 204 350 теңге). Бұл Үкіметтің 2020 жылғы 27 наурыздағы №152 қаулысына сәйкес төленеді. Одан бөлек, Халықаралық жеңіл атлетика федерациясы әрбір сайыс түрінен жеңімпаз атанғандарға 70 мың доллар төлемек.

Altai Athletics клубы Шығыс Қазақстан облысының әкімі Даниал Ахметовтің бастамасымен құрылған. Кейіннен Ахметов жеңіл атлетика федерациясының да президенті болды. Кениялықтар Қазақстанға алғаш 2017 жылы келді. Сосын арада бір



жыл өткенде азаматтық алуға өтініш білдірген. Бұрын жеңіл атлетикадан халықаралық жарыстарға қатысуға төлқұжат көрсету жеткілікті еді. Сол 2018 жылы жағдай өзгеріп кетті. Азаматтық ауыстырған спортшыларға 3 жыл карантинде отыруды міндеттеген. Джеруто тіпті артығымен 3,5 жыл орындады.

– *Әрине, карантин туралы білдік. Нора таңданысын жасырмады. Осынаулықты ұзаққа созылады деп ешкім ойлаған жоқ. Тіпті, Халықаралық федерацияға 2020 жылы өтініш жасаған. Бірақ қайтарып жіберді. Қазақстан атынан жарыстарға қатысуға рұқсатты 2022 жылдың 21 қаңтарында алдық. Егер иенеуліктер сәл ертерек тырысқанда, бұдан жарты жыл бұрын да мүмкіндік берер еді. Онда Нора Токио Олимпиадасын да жеңіп қалар ма еді? –* дейді спортшының агенті.

ғана болды. Сондықтан кениялықтарды өз қатарына қосуға келісті, – дейді агент.


Нораның Қазақстан азаматтығы алғанымен, өмірінде көп өзгеріс жоқ. Өйткені олар көп уақыт Найробиде өткізеді. Қазақстанға жылына тек екі рет келеді. Оның өзі қысқы және жазғы ел чемпионаттарына қатысу үшін ғана. Қыста Өскеменнің аязына шыдай алмаған.

Демадоннаның айтуынша, кениялықтар қазақша мүлдем түсінбейді. Азаматтық алар кезде негізі Еңұранды жатқа біліп, тілдің базалық курсынан өтуге тиіс.

«Нора Қазақстанға келгенінде күнінде 3-4 сағат сабақ оқиды. Әзірге көп ештеңе түсінбейді. Дегенмен 2-3 жылда жағдай өзгеріп қалуға тиіс», дейді агент.

Джеруто осы 3,5 жылдың ішінде өз рекордын 10 секундқа жаңартқан. Спортшының мұндай прогресс жасауы түсінікті. Егер оларға жақсы жалақы мен барлық жағдайды жасап, нәтиже көрсетеді. Кенияда мұндай спортшылар ақша үшін барлық коммерциялық турнирлерге қатыса береді. Сондықтан артық күш түсіп, зорығып кететіндері жасырын емес.

Бек ТӨЛЕУ



### ҚАЗАҚСТАНҒА ЖЫЛЫНА ЕКІ-АҚ РЕТ КЕЛЕДІ

Джанни Демадонна Джеруто Токио Олимпиадасын теледидардан көргенде Кениядан кеткеніне аздап өкінгенін, ал қазір оның бәрі артта қалғанын айтып отыр.

Кениялық атлеттердің Қазақстанға келуіне осы төрт спортшының бапкері Кен Ротичтің рөлі зор. Ол әлемнің бірнеше елімен жақсы қарым-қатынаста екен.

– *Кен өзіне жалақы іздеді. Алдымен Әзербайжанмен, кейін Қазақстанмен хабарласты. Қазақстанда бұл кезде топ-спортшылардан Ольга Рыпакова*

## ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫНДАҒЫ ЖЕТІСТІГІМІЗ

**4**

- 800 метрге жүгіру. Маргарита Мукашева – 26-орын.
- 100 метрге кедергімен жүгіру. Анастасия Сопрунова – 35-орын.
- 20 км. Спорттық жүріс. Галина Кичигина – 38-орын.
- 20 км. Спорттық жүріс. Айман Қожахметова – 27-орын.
- 20 км. Спорттық жүріс. Шолпан Қожахметова – 55-орын.
- 3 қарғып секіру. Ирина Эктова – 18-орын.
- Биіктікке секіру. Марина Аитова – 25-орын.
- Жетісайыс. Ирина Карпова – сайысты аяқтамады.

### 2015 ЖЫЛ. (ҚЫТАЙ) 12 СПОРТШЫ (4 ЕР, 8 ӘЙЕЛ)

- 3 қарғып секіру. Ольга Рыпакова – қола жүлдегер.
- Марафон. Михаил Красилов – жарысты аяқтамады.
- 20 км. Спорттық жүріс. Георгий Шейко – 30-орын.
- Сырықпен секіру. Никита Филипов – 30-орын.

- 3 қарғып секіру. Роман Валиев – 25-орын.
- 100 метрге жүгіру. Виктория Зябкина – 18-орын.
- 100 метрге жүгіру. Ольга Сафронова – 37-орын.
- 200 метрге жүгіру. Виктория Зябкина – 12-орын.
- 200 метрге жүгіру. Ольга Сафронова – 32-орын.
- Марафон. Ирина Смольникова – жарысты аяқтамады.
- Марафон. Гүлжанат Жанатбек – 40-орын.
- 3 қарғып секіру. Ирина Эктова – 17-орын.

### 2017 ЖЫЛ. (ҰЛЫБРИТАНИЯ) 13 СПОРТШЫ (1 ЕР, 12 ӘЙЕЛ)

- 3 қарғып секіру. Ольга Рыпакова – қола жүлдегер.
- 20 км. Спорттық жүріс. Георгий Шейко – 36-орын.
- 200 метрге жүгіру. Виктория Зябкина – 32-орын.
- Марафон. Елена Наназиашвили – 73-орын.
- Эстафета. 4×100 метр. Рима Кашафутдинова, Виктория Зябкина, Светлана Голендова, Ольга Сафронова – 13-орын.
- 20 км. Спорттық жүріс. Диана Айдосова – 47-орын.

- 20 км. Спорттық жүріс. Полина Репина – 50-орын.
- 20 км. Спорттық жүріс. Регина Рыкова – 52-орын.
- 3 қарғып секіру. Мария Овчинникова – 26-орын.

### 2019 ЖЫЛ. (ҚАТАР) 8 СПОРТШЫ (3 ЕР, 5 ӘЙЕЛ)

- 400 метрге жүгіру. Михаил Литвин – 30-орын.
- 20 км. Спорттық жүріс. Георгий Шейко – 19-орын.
- Ядро лақтыру. Иван Иванов – 15-орын.
- 100 метрге жүгіру. Ольга Сафронова – 31-орын.
- 200 метрге жүгіру. Ольга Сафронова – 25-орын.
- Эстафета. 4×100 метр. Рима Кашафутдинова, Елена Михина, Светлана Голендова, Ольга Сафронова – 12-орын.
- 3 қарғып секіру. Ольга Рыпакова – 13-орын.

### 2022 ЖЫЛ. (АҚШ) 12 СПОРТШЫ (2 ЕР, 10 ӘЙЕЛ)

- 3000 метрге кедергімен жүгіру. Нора Джеруто – чемпион.

- 400 метрге жүгіру. Михаил Литвин – 9-орын.
- 20 км. Спорттық жүріс. Георгий Шейко – 28-орын.
- 35 км. Спорттық жүріс. Георгий Шейко – 35-орын.
- 100 метрге жүгіру. Ольга Сафронова – 41-орын.
- 200 метрге жүгіру. Ольга Сафронова – 37-орын.
- 5000 метрге жүгіру. Каролин Чепкоеч Кипкируи – 7-орын.
- 10 000 метрге жүгіру. Каролин Чепкоеч Кипкируи – 7-орын.
- Марафон. Жанна Мамажанова – 21-орын.
- 3000 метрге кедергімен жүгіру. Дэйси Жепкемей – 19-орын.
- 20 км. Спорттық жүріс. Галина Якушова – 33-орын.
- 35 км. Спорттық жүріс. Галина Якушова – 17-орын.
- 35 км. Спорттық жүріс. Полина Репина – дисквалификация.
- Биіктікке секіру. Надежда Дубовицкая – 8-орын.
- Биіктікке секіру. Кристина Овчинникова – 20-орын.
- 3 қарғып секіру. Мария Ефремова – 28-орын.

Қанат БАЙҰЗАҚОВ, арнайы «Қазақ спорты» газеті үшін



# ТЕКЕЛІ ШАҒАРЫНЫҢ КӨКЖИЕГІ

## НЕМЕСЕ СПОРТ ПЕН ТУРИЗМДІ ДАМУДА ҚОЛФА АЛҒАН ӨҢІР ТУРАЛЫ БІРЕР СӨЗ

**ТЕКЕЛІ ҚАЛАСЫ ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫНЫҢ ОҢТУСТІК-ШЫҒЫСЫНДА 39 ШАҚЫРЫМДАЙ ЖЕРДЕ ОРНАЛАСҚАН. ҚАЛАНЫҢ АЛЫП ЖАТҚАН ЖЕРІ – 6133 ГЕКТАР. ЖЕТІСУ АЛАТАУЫНЫҢ ТАУ ШАТҚАЛДАРЫНЫҢ ШЫҒА БЕРІСІНДЕГІ ҚОРА АҒАРЫНДАҒЫ ҮШ ТОЛҚЫНДЫ ҚОРА, ШАЖА ЖӘНЕ ТЕКЕЛІ ӨЗЕНДЕРІ ТАУДАН ҚҰЛАЙ АҒЫП, ҚАЛА АУМАҒЫНДА БІР-БІРІМЕН КЕЗДЕСЕДІ. ОДАН СОҢ ҮШЕУІ БІРІГІП ҚАРАТАЛҒА КЕЛІП ҚОСЫЛАДЫ. АЛ ҚАРАТАЛ ӨЗЕНІ ТАЛДЫҚОРҒАНДЫ АРАЛАЙ ӨТІП, БАЛҚАШ КӨЛІНЕ КЕЛІП ҚҰЯДЫ.**

Шаһардың іргесі 1911 жылы қаланған. 1927 жылы кент аталса, 1952 жылы өз алдына қала атанған. Яғни биыл қалаға 70 жыл толды деген сөз. Ресми деректерге сүйенсек, 1933 жылы инженер-геологтар М.Юдичев пен М.Қаділбековтың зерттеу-бұрғылау жұмыстарының нәтижесінде Текелінің оң жағалауынан мырыш, күміс, кадмий, германий кендері табылған. 1937 жылы Текелі қорғасын-мырыш басқармасының құрылысы басталса, 1942 жылы қорғасын-мырыш комбинаты құрылады.

Бүгінгі таңда 35 мыңға жуық халқы бар Текелі қаласында үлкенді-кішілі 26 өндірістік серіктестік жұмыс істейді. Қала 2012 жылы еліміздегі моноқалалар тізіміне енген. Моноқала дегеніміз – қала құраушы бір немесе бірнеше өндіріс төңірегінде шоғырланған елді мекен деген сөз. Бүгінде «Текелі кенді қайта өңдеу кешені» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі қаланың экономикалық, әлеуметтік дамуына маңызды роль атқарады. Өндірісте байытылған шойын құймалары ішкі нарықта, сонымен қатар Қытай мен Ресейге сатылуда. Қазір комбинатта мыңға жуық азамат еңбек етсе, екінші балқыту пеші қосылғанда 2 мыңға жуық жұмысшы жаңа жұмысқа тартылмақшы. Текелі маңында табиғи байлық та жеткілікті. Атап айтқанда, пирит, сфалерит, галенит сияқты минералдармен қоса қорғасын, мырыш, күміс, алтын, висмут, кадмий, скандий тобындағы металдарға да бай өңір екені ертеден белгілі.

Өткен жылдың сәуір айында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Екібастұз қаласына арнайы барып, моноқалалардың экономикасын дамыту туралы үлкен кеңес өткізгенін көпшілік жақсы біледі.

«Қазақстанда 89 қала болса, соның 27-сі немесе 30 пайызы моноқалалардың қатарына жатады. Онда 1 миллион 400 мың адам тұрады. Бұл халқымыздың 8 пайызы. Қазіргі таңда шағын қалалар ел экономикасын дамытуға едәуір үлес қосып отыр. Олар өндірістік өнеркәсіп өнімдерінің 40 пайызын өндіреді. Моноқалалардың экономикасын әртараптандыру айрықша маңызды. Басқа да салаларды дамытып, жаңа жұмыс орындарын ашу аса өзекті мәселе», – деп атап көрсетті Президент.

Осы ірі мәжілістен соң көптеген шағын қалалардың екінші тынысы ашылып, жаңаша өмір сүрудің тың жолдарын таңдай бастады. Солардың бірі Текелі қаласы десек артық айтқандық емес.

Текелі қаласы, жоғарыда айтқанымыздай, Жетісу Алатауының баурайында орналасқандықтан ба, табиғаты көз тартарлық көрікті әрі сулы, нулы жер. Жазы қоңыр салқын келеді. Қары қалың, қысы жылы. Кезінде Асан Қайғы бабамыздың: «Ағашы тұнған жеміс екен, шаруаға жақсы қоныс екен, Жерұйық деген осы екен» деп бекер айтпаса керек. Қала көшелерінің жасыл желекке оранғаны өз алдына, тауға шықсаңыз, неше алуан төгілген

жабайы жеміс-жидектерден аяқ алып жүре алмайсыз. Енді осыған қайталанбас табиғат сыйы тарихи орындарды тамашалау, нағыз кереметтің өзі дерсіз. Тіпті кейбіреулер мақтайтын Қырымдағы Бақшасарайдың өзін Текелінің көріктілігімен әсте салыстыруға келмес дер едім.

Қала маңында Черкесай, Солдатсай және Қора шатқалдары бар. Қора шатқалына кіре берісте неше алуан ғасыр қойнауынан сыр шертетін Будда тасын айтсаңызшы. Ол туралы айтылар аңыз, деректердің өзі бір төбе. Тарихшы, ғалым Михайл Антонов ежелгі мәдени ескерткіш туралы былай деп жазады: «Жартастың беткі жағы тегістеліп, өңделгені байқалады. Тастың үстіңгі жағында табиғи ойық бар. Осы ойықтан жыл он екі ай су құрғамайды екен де оны жергілікті халық киелі су деп санаған. Тастың беткі жағындағы ортаңғы тұсында лотос гүлінің сұлбасы мен үнді шіркеуінің бейнесі бедерленген. Төменгі жағында мифтік аң бейнесі салынған. Зерттеушілердің пайымдауынша, бұл бейненің жоғары жағында қалмақ әліпбиімен ламалардың қасиетті сөздері жазылған».

Алдағы уақытта зерттеу жұмыстары тағы да тың деректер мен толығы күмәнсіз. Будда тасы да тарихи ескерткіштер тізіміне енгізілді. Одан әрі шатқалдың бойымен өрлеп, 50 шақырымдай жер жүрсеңіз, Орталық Азиядағы ең үлкен сарқыраманың бірі Бұрхан-Бұлаққа тап боласыз. Оның таудан құлап аққан биіктігі – 120 метр.

Реті келіп тұрғанда айтсақ, осы Бұрхан-Бұлақ туралы да түрлі аңыздардың бар екені белгілі. Аңыздарда баяндалғандай, Бұрхан анасының жалғыз ұлы екен. Бауыр еті баласын анасы өз өмірінен де қатты жақсы көрген көрінеді. Әрбір ана сияқты ол да ұлының шаңырағына жақсы келін түсіруін армандайды. Бұрхан да ер жетіп, Қора есімді өзімшіл қызға ғашық болады. Сөйтіп ұлының таңдауын еш жақтырмаған анасы үлкен сарай салдырып, баласын қамап тастайды. Махаббаттың құдіреті сарайдың қабырғаларынан да күшті болып, қамаудан босап шығады. Ол өзінің асау толқынды суларын Қорамен



түйістіріп, бірге аға бастайды. Ал анасы болса оны жоқтаумен күні өткен екен. Бұрхан-Бұлақ сарқырамасының жанындағы «Ананың көз жасы» деген бұлақтың атауы да осы оқиғадан соң шыққан көрінеді...

Жалпы Текелі қаласының тау мен тасы ғана емес, табиғатының өзі де туризмге сұранып тұрғандай.

Текелі қаласының әкімі Батыр Молдахметов: «Өткен жылы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен Екібастұз қаласында моноқалалардың дамуына арналған мәжілісті айрықша атап өткім келеді. Мұнда Президент экономика саласын әртараптандыру қажеттілігін ашық айтты. Осы орайда Текелі қаласын дамытудың ең негізгі саласының бірі тау спортына назар аударылып, туризмді дамытуды қолға алдық. Осыдан үш жыл бұрын туристерді қызықтыру, олардың қауіпсіздігін сақтау мақсатында әрі Текелі қаласының бар аумағы алақандағыдай көрінетін биік жотаның басына «Көктөбе» бақылау бекеті салынды. Ол жер қажетті техникалық құралдармен жабдықталды. Бұл төбеге қала тұрғындары мен қонақтары баспалдақ арқылы көтеріледі. Олар жотаға шыққан соң, төмендегі шаһардың сұлулығын тамашалайды әрі суретке түседі. Сондай-ақ туристер осы абаттандырылған жерде тұрып, қай жерге барғысы келетінін таңдайды. Оларға қаланы жақсы білетін арнайы мамандар қызмет көрсетеді. Қаланың кіре берісінде, ортасында, көпшілік жүретін орындарда

туристерге жан-жақты мағлұматтар беру үшін интерактивті такталар мен LED экрандар орнатылды. Тәртіпті сақтау мақсатында қаланың әр жерінде полицияның модульдік посттары қойылды. Тұрғындар үшін сауда павильондары жұмыс істейді. Аялдаманың барлығы да санитарлық талапқа сай жабдықталды.

Сонымен қатар өзінің ерекшелігімен Гиннесстің рекордтар кітабына енген, әлемдегі ең ұзын Қонаев көпесінің де қалалықтар үшін алар орны ерекше екені даусыз. Оның ұзындығы 38 шақырым екенін көпшілік біле бермейді. Бүгінгі таңда қала қонақтарының осы ұзын көшенің бойымен кыдырып, демалып, серуендеуі үшін де бар жағдай жасалуда. Жол бойында жастарға велосипед пен электронды самокаттар қызмет көрсетеді. Өткен жылдары қала ішінде 50 бейнекамера орнатылса, биыл тағы да 50 бейнекамера іске қосылатын болады.

Текелі қаласында бұқаралық спортты дамытуға да толық мүмкіндік бар. Бүгінгі таңда спортпен шұғылдануға арналған 22 балалар алаңы, 6 стритворкаут пен 6 спорттық алаң жұмыс істейді. Текелі қаласындағы «Текесу» туристік кешен құрылысының да өзіндік ерекшеліктері мол. Бұл аумақта 400 метрлік және 800 метрлік сырғанақ жол жұмыс істейді. Сонымен қатар жастар қыс мезгілінде шаңғы және сноубордта сырғанақса, жаз мезгілінде тау велосипедімен экстремалды спортпен шұғылдануға мүмкіндігі бар.

Олар мұнда парашютпен секіріп, тауға өрмелелейді. Тіпті кейбіреулері тау-тастың өзін көлікпен аралайтындарын қайтерсіз. Осы таулы жерлерде халықаралық мотта жарысы да тұрақты ұйымдастырылады. Бұл аймақ қыс мезгілінде шаңғы тебуге де қолайлы жер екенін жоғарыда айттым. Мұнымен Қатар Алматының Шымбұлағына ұқсас, ұзақтығы 14 шақырымды құрайтын шаңғы тебу жолы да көзге тартымды дегім келеді. Жазғы маусымда қала сыртындағы көрікті жерлерді аралауға күніне 200-300 адамдай келеді. Туристер, әсіресе, көрші Ресей елінен көптеп келетінін несіне жасырамыз, – деді қала әкімі Батыр Қайыркенұлы.

Жақында Жетісу облысының әкімі Бейбіт Исабеков Текелі шаһарына барып, моноқаланың тыныс-тіршілігімен кеңінен танысып қайтты. Өндіріс орындары мен әлеуметтік салаларды аралады. Жергілікті қала тұрғындарымен кездесті. Қаланың болашағы туралы да кеңінен пікір алмасты. Таза ауыз судың мәселесі де өз шешімін табатын болды. Облыс басшысы соңында мәдениет ошақтарымен қатар спорт кешендерін аралап, жаңадан салынып жатқан «Этноауыл» туристік кешенінің құрылысымен де танысты. Мамандардың айтуынша, туристерге қызмет көрсететін 20-дан астам қонақ үй мен демалыс орындарына жыл басынан бері келген демалушы-туристердің саны 10 мыңнан асқан көрінеді.

Иә, Текелі моноқаласының өндіріс жағынан ғана емес, болашақта спортпен қатар туризмнің де қарыштап дамуына толық мүмкіндігі барын шым-шымдап, шет жағасын айтқан болдық. Ойды ой қозғайды. Түркия еліне жылына 30 миллион турист келіп кетеді екен. Әрбір келуші 1 мың доллардан қалдырғанның өзінде 30 миллиард қаржы жиналады. Ал 2023 жылға қарай Түркия елі 100 миллион туристі қарсы алуға әзірлік жасап жатқан көрінеді. Сол сияқты Испания елінде бюджетінің 62 пайызы туризмнен құралады дейді. Соған қарағанда, басқа өңірлерімізді қоспай, Текелі қаласының өзінде табиғаттың өзі сыйға тартқан қасиетті тау мен тасы, суы мен тарихи ескерткіштердің өзін кәдеге жарата алсақ, солардың өзі-ақ ең байлыққа бастар еді-ау дегіміз келеді.

**Мәулетхан АҚСАНОВ,**  
«Қазақ спорты» газетінің өз тілшісі





# ЖЕРЛЕСТЕРІМІЗ САРЫ ҚҰРЛЫҚ ДОДАСЫНДА АТОЙ САЛУЫ ТИІС

ТАМЫЗДЫҢ 4-І КҮНІ НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫНДА ДЗЮДОДАН АЗИЯ ЧЕМПИОНАТЫ БАСТАЛАДЫ

**САРЫ ҚҰРЛЫҚТЫҢ ЕҢ МЫҚТЫ ДЕГЕН ТАТАМИ ШЕБЕРЛЕРІ БАС ҚОСАТЫН ДҮБІРЛІ ДОДАДА ЕРЛЕР МЕН ӘЙЕЛДЕР ЖЕТІ САЛМАҚТА ЖЕҢІМПАЗДАР МЕН ЖҮЛДЕГЕРЛЕРДІ АНЫҚТАЙДЫ. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ДЗЮДО ФЕДЕРАЦИЯСЫ ТАРАТҚАН МӘЛІМЕТ БОЙЫНША ЧЕМПИОНАТҚА 21 ЕЛДЕН 200-ДЕН АСА ДЗЮДОШЫ ҚАТЫСАДЫ. ЖАРЫС 7 ТАМЫЗҒА ДЕЙІН ЖАЛҒАСАДЫ.**

## ҚАЗАҚСТАН НАМЫСЫН КІМДЕР ҚОРҒАЙДЫ?

Қазақстанның ерлер құрамасы бұл күндері Шучинск қаласында оқу-жаттығу жиындарын өткізіп жатыр. Бас бапкер Нұрбол Сүлейменов Елордада ел намысын қорғайтын тоғыз балуанның тізімін жариялады. Бірден айтайық, бас бапкердің түзген тізімінде Елдос Сметов, Жансай Смағұлов сынды тәжірибелі балуандар жоқ. Елдос Токио олимпиадасынан кейін 66 келі салмаққа ауысқалы бері халықаралық жарыстарда жолы болмай жүргені жасырын емес. Ал, Жансай болса, жыл басында тізесінен алған жаракатын емдетіп, енді ғана қатарға қосыла бастады. Яғни, Азия чемпионаты сияқты жауапты жарысқа әлі дайын емес.

Десек те, өз елімізде өтетін сайыста намысты қолдан бермейтін жігіттер аз емес. Мәселен, 60 келі салмақта Нұрбол Сүлейменов екі балуанға сенім артып отыр. Олардың бірі жақында ғана Гран-при турнирінде топ жарған Мағжан Шамшадин, екіншісі – Бауыржан Нарбаев.

66 келі салмақта Ғұсман Қырғызбаев күреседі. Ол осыдан үш жыл бұрын Біріккен Араб Әмірлігінің Фуджейро қаласында өткен Азия чемпионатында қола медаль жеңіп алған еді. Сол кезде алматылық балуан ширек финалда жапон балуанынан жеңіліп, артығына қола медаль үшін болған белдесулерде Моңғолия мен Өзбекстан балуандарын ұтты.

73 келі салмақта Жансай Смағұловтың орнын Данияр Шамшаев пен Ерлан Серікжанов жоқтапайды деген сенімдеміз. Ерлан 73 келі салмақта енді ғана бой үйретіп келеді. 2018 жылы 66 келі салмақта әлем чемпионатының күміс медалін жеңіп алған ол бір жылдан кейін Азия чемпионатында топ жарды. Өкінішке қарай, содан бері шығысқазақстандық балуанның жолы болар емес. 2020 жылдың қаңтар айында Тель-Авивтегі Гран-при жарысында күміс медаль алғаны болмаса, басқа халықаралық турнирлердің барлығында қарсыластарына тізе бүгіп, жүлдесіз қайтып жүрді.

Ұлттық құрамадағы ең тәжірибелі балуандардың бірі - Ислам Бозбаев. 100 келі салмақта күресетін алыбымыз екі рет Азия чемпионатының күміс жүлдегері атанды. 2011 жылы ол финалда кәріс балуанынан ұтылса, 2017 жылы тәжік балуанына тізе бүгіп, алтын медальдан айырылды. Ер кезегі - үшке дейін. Қарағандылық балуан үшінші мәрте финалға шығып жатса, қарап қалмас. Оның үстіне

Исламның бұл оныншы, яғни, мерейтойлық Азия чемпионаты. Екі күміс медальдан бөлек, оның еншісінде үш қола медаль бар.

Ерлан Алпысбаев баптайтын қыздарымыз да қара жаяу емес. Абиба Абужақынова, Севара Нышанбаева, Камила Берліқаш сынды бойжеткендері бар құрамаға осы Азия чемпионатынан бір-екі медаль бұйырып жатса, соның өзі зор жетістік. Былтыр Бішкекте өткен чемпионатта Абиба Абужақынова финалға жетіп, айды аспанға шығарып еді. Содан бері ол жеңіске жетер жолды адаспай тауып жүр. Жақында Ұлан-Батырда өткен Гранд Слам бәсекесінде қола жүлде алып, тағы да жарқ етті. Ендігі көздегені - Елордадағы дода. Қазақстан дзюдо тарихында Гүлжан Исанова (2009) мен Отгонцеце Галбадрах (2019) қана Азия чемпионатында топ жарды. Енді осы екі қыздың қатарына Абиба Абужақынова, Камила Берліқаш сынды бойжеткендеріміз қосылса...

## КІЛ МЫҚТЫЛАР КЕЛЕ ЖАТЫР

Елордаға ат басын бұратын дзюдошылардың осал жоқ. Әсіресе, Жапония, Корея, Тайпей, Өзбекстан құрамаларында кілең «сен тұр, мен атайын» деген балуандар жиналған. Мәселен, 60 келі салмақта тайпейлік Ян Юнвэй мен жапониялық Рюдзю Нагайма біздің Бауыржан мен Мағжанның басты қарсыластары. Ян Юнвэй былтыр Токиода өткен Олимпиада ойындарында күміс жүлде алған, нағыз тискаққан балуанның өзі. Рюдзю Нагайmanın да аты алысқа кеткен. Гранд Сламда тоғыз мәрте топ жарған жапон самурайының әлем чемпионы деген атағы да бар. Әлем чемпионатының екі дүркін қола жүлдегері, корей Ким Вон Джин де осы 60 келі салмақтың бәсін қыздырады.

66 келі салмақтағы Ғұсман Қырғызбаевқа да біраз мықтылардың мысын басуға тура келеді. Қазақстан балуаны рейтинг бойынша өз салмағында бесінші болып тіркелді. Яғни, оның алдында төрт балуан, атап айтсақ, екі моңғол, бір жапон және өзбек балуаны тұр. Жапонның жайы белгілі. Дзюдо күресін төл жүресіміз деп танытын күншығыс елінің өкілдері қай салмақта болмасын бас жүлдеден басты үміткер саналады. Өзбектің де осалы жоқ. Осы жарысқа олар Мухриддин Тилоловты жібермекші екен. Мухриддин талай Гранд Слам сайысына қатысып, бірнеше мәрте жүлде алып жүрген балуан. Дегенмен Ғұсман Қырғызбаевқа



жапон мен өзбек балуандарына қарағанда Моңғолияның қос балуаны басты қарсылас болуы мүмкін. Өйткені, дәл осы салмақта моңғолдардың бағы жанып жүр. Мәселен, Басху Ёндонпэрэнлэйн былтырғы әлем чемпионатының қола жүлдесін жұлпып түскен балуан. Онымен бірге келетін моңғолдың тағы бір балуаны Баттогтох Эрхембаяр болса кеше ғана Гранд Слам турнирінде қарсылас шак келтірмей жеңімпаз атанды.

73 келі салмақта Олимпиаданың қола жүлдегері, екі рет әлем чемпионатының күміс медалімен күптелген Цэнд-Очирын Цогтбаатарды да дзюдо жанкүйерлері жақсы таныса керек. Ол Ерлан Серікжановтың басты қарсыласы.

100 келі салмақ дәрежесінде күресетін Ислам Бозбаевтың басты қарсыласы кім дегенде, бір ғана есімді атай салсақ, соның өзі жетіп жатқан сияқты. Иә, Елордаға Олимпиада және әлем чемпионы Аарон Вольфтың өзі келе жатыр. Дзюдоға тиесілі атақ-дәреженің барлығын дерлік жинаған жапон балуаны былтыр Азия чемпионатында топ жарып еді. Енді биыл тағы қатыспақшы.

Қыздар арасында 48 келі салмақта да бәсекелестік өте күшті болғалы тұр. Жапон қызы Вакана Кога жастар арасында әлем чемпионы атанған балуан. Кореялық Ли Хе-Кёнтің де дәл осындай атағы бар. Бұл салмақта ел намысын қорғайтын Абиба Абужақыноваға Азия чемпионаты оңай болмайын деп тұр.

## ЕЛІМІЗДЕ ЕКІНШІ РЕТ

Дзюдодан Азия чемпионаты елімізде екінші мәрте өткізілмей тұр.

## ҚАЗАҚСТАН ДЗЮДОШЫЛАРЫНЫҢ СОҢҒЫ БЕС ЖЫЛДАҒЫ АЗИЯ ЧЕМПИОНАТЫНДА КӨРСЕТКЕН НӘТИЖЕЛЕРІ

Жыл	Ұйымдастырушы ел	Алтын	Күміс	Қола	Барлығы	Командалық есеп
2015 жыл	Эль-Кувейт, Кувейт	0	1	5	6	6-орын
2016 жыл	Ташкент, Өзбекстан	3	2	6	11	3-орын
2017 жыл	Гонконг, Қытай	1	3	3	7	4-орын
2019 жыл	Фуджейра, БАӘ	1	2	3	6	5-орын
2021 жыл	Бішкек, Қырғызстан	0	2	2	4	6-орын

## АЗИЯ ЧЕМПИОНАТЫНА ҚАТЫСАТЫН ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕРЛЕР ҚҰРАМАСЫ:

**60 келі:** Мағжан Шамшадин, Бауыржан Нарбаев; **66 келі:** Ғұсман Қырғызбаев; **73 келі:** Ерлан Серікжанов, Данияр Шамшаев; **90 келі:** Дидар Хамза; **100 келі:** Ислам Бозбаев, Нұрлыхан Шархан; **+100 келі:** Әділ Оразбаев;

*Азия чемпионатына қатысатын Қазақстанның әйелдер құрамасы:*

**48 келі:** Абиба Абужақынова; **Ғалия Тынбаева;** **52 келі:** Гауһар Ермағамбетова; **57 келі:** Севара Нышанбаева; **63 келі:** Мөлдір Нарынова; **70 келі:** Анастасия Маякова; **78 келі:** Аруна Жангелдина; **+78 келі:** Камила Берліқаш; Назгүл Маратова.

Осыдан 18 жыл бұрын, яғни, 2004 жылы ару қала Алматыда ересектер арасында Азия чемпионаты ұйымдастырылып еді. Сол сында біздің қыз-жігіттер 3 алтын, 2 күміс, 4 қола медаль жеңіп алып, айды аспанға шығарды. 60 келіде Базарбек Донбай, 66 келіде Мұратбек Қыпшақбаев, 100 келіде Асқат Житкеев өз салмақтарында қарсылас шыдатпай, Азияның алды болды.

## ӨЗБЕКТЕРДЕН ОЗА АЛАМЫЗ БА?

Қазақстан дзюдошылары Азия чемпионатына 1993 жылдан бері қатысып келеді. Содан бері біздің қыз-жігіттер Чемпионаттың 106 медалін жеңіп алыпты. Оның 13-і алтын, 22-сі

күміс, 71-і қола медаль. Мұндай көрсеткіш бойынша Жапония балуандары алдарына жан салмай келмейді. 1966 жылдан бері ұйымдастырылып келе жатқан жарыста жапондар 336 медаль алыпты. Оның 156-ы алтын, 80-і күміс, 100-і қола медаль. Екінші орында Корея – 87 алтын, 88 күміс, 118 қола медаль. Үшінші сатыда Қытай орналасқан – 54 алтын, 33 күміс, 92 қола медаль.

Көршілес Өзбекстан да Қазақстан сияқты Азия чемпионатына 90-шы жылдардың орта тұсында қатыса бастады. Олардың осы күнге дейінгі жетістігі 76 медаль. Оның 14-і алтын, 16-ы күміс, 46-ы қола медаль. Яғни, алтын саны жағынан өзбектер бізден бір медальға озып тұр.

Едіге ОРАЗ

# ЖЕТИСУДА IV ЖАЗҒЫ ОЙЫНДАРЫНЫҢ ЖАЛАУЫ ЖЕЛБІРЕДІ

**Өңір-өңірден келген жалынды жастардың басын бір шаңырақ астына жинап, берекесін нығайтып, бәсекеге түсірген дода алауы Жетісуда тұтанды. Облыс орталығы талдықорған қаласында ауыл жасөспірімдерінің IV жазғы ойындарының шымылдығы түрілді. Жарыс спорттың 12 түрінен өтуде. Оған еліміздің 14 облысынан 3 мыңнан астам спортшы қатысады.**

Жазғы ойындардың ашылу салтанатына қарақұрым халық жиналды. «Бесарыс» көгалдағы хоккей стадионында ине шаншар орын болған жоқ. Беташар сөзді Жетісу облысының әкімі Бейбіт Исабаев сөйлеп, спортшыларға сәттілік тіледі.

«Жасөспірімдер тәрбиесі – бүгінгі күннің аса өзекті мәселелерінің бірі. Оларды бұқаралық спортқа тарту арқылы ерік-жігерін шыңдау, мінез-құлқын тәрбиелеу, рухын бекемдеу – біздің ортақ міндетіміз. Осы орайда бүгінгі басталып отырған жазғы ойындардың маңызы зор. «Жүзден – жүйрік, мыңнан – тұлпар» демекші, әрдайым Көк туымызды жоғары ұстап, абырой биігінен көрініңіздер. Барша спортшыларға сәттілік пен жеңіс тілеймін», деді Б.Исабаев.

Жарыс бағдарламасына сәйкес, волейбол мен асық ату «Жастар» спорт сарайында, грек-рим күресі, еркін күрес, қазақ күресі «Өркен» спорт кешенінде, дзюдо «Жастар 2» спорт кешенінде, шағын футбол «Болашақ» стадионында, көгалдағы хоккей «Бесарыс» стадионында, баскетбол 3x3-тен І.Жансүгіров атындағы университеттің спорт кешенінде, үстел теннисі «Жетісу» теннис орталығында, тоғызқұмалақ Жастарға қызмет көрсету орталығында, армрестлинг Өтенай ауылдық округінің мәдениет үйінде өтеді. Жазғы ойындар 3 тамызға дейін жалғасады.

Еске салсақ, төрт жылда бір рет жалауын желбірететін бұл дода осыған дейін 2018 жылы Сыр өңірінде өткен болатын.



Аймақтағы жас спортшылардың жетістіктеріне қысқаша тоқталсақ, жыл басынан бері халықаралық және республикалық жарыстарда облыс қоржынына түрлі дәрежедегі 900 медаль түсті. Жалпы,

облыс аумағында кәсіпқой клубтардан «Жетісу» футбол клубы, «Жастар» ойындық спорт түрлері клубы және «Олимп» регби клубы бар. Бұл ретте «Бесарыс» көгалдағы хоккей командасы былтыр

ел чемпионатында ерлер арасында 1-орын, әйелдер арасында 2-орын иеленген. Сонымен қатар биыл Тайландта өткен Азия Кубогында әйелдер командасы 1 және ерлер арасында 2-орын иеленіп, 2023 жылы Африка елінде өтетін әлем чемпионатына жолдама ұтып алды.

Спортшылар ішінде тоғызқұмалақтан жасөспірімдер арасындағы Азия чемпионы Арсен Есентайды, шахматтан Азия чемпионы, әлем чемпионы Елназ Қалиахметті, дзюдодан III жазғы жасөспірімдер Олимпиада ойындарының жеңімпазы Бекарыс Сәдуақасовты, велоспорттан Евгений Федоровты, сол сияқты 2022 жылдың басынан қаратә шотоканнан I Азия чемпионатының жеңімпаздары Сайлау Миратты, Михайл Пушкинді, жүлдегерлер – Рамазан Ибегенді, Салауат Рахымовты, Аргүл Мәжитованы, Ауыр атлетикадан жасөспірімдер мен қыздар арасында Азия чемпионатының күміс медаль иегері Надежда Лиді мақтаншыпен айтамыз.



# ШЫМЫР КЕЛЕР ШЫҒЫСТЫҢ ҰЛ-ҚЫЗДАРЫ



Іс-шараға жиналғандар, жаңа кітап

## ЗАЙСАННЫҢ ЖАЙСАҢ БАЛУАНДАРЫ

**...БҰДАН БІРАЗ УАҚЫТ БҰРЫН ЕЛІМІЗДІҢ ШЫҒЫСЫНДАҒЫ ЗАЙСАН ҚАЛАСЫНДА ЕЛ ЕСІНДЕ ҚАЛАТЫНДАЙ ЕЛЕУЛІ ОҚИҒА БОЛДЫ. ЖАЗУШЫ, ЖУРНАЛИСТ АСҚАР СӘБИТОВТІҢ (МАРҚҰМ) ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН ЖАРЫҚ КӨРГЕН «ЗАЙСАННЫҢ ЖАЙСАҢ БАЛУАНДАРЫ» АТТЫ КІТАПТЫҢ ТҰСАУКЕСЕРІНЕ АРҒЫСЫ АЛМАТЫ МЕН НҰР-СҰЛТАННАН, КӨКШЕТАУ МЕН ПАВЛОДАРДАН, ЗАЙСАН МЕН КӨКПЕКТІДЕН, ҚОЙШЫ ЖЕР-ЖЕРДЕН КЕЗІНДЕ БОЗ КІЛЕМДЕ ЖАСЫН ОЙНАТҚАН БУРА САН, БОТА ТІРСЕК БАЛУАНДАР ЖИНАЛЫП, ЖЕРЛЕСТЕРІМЕН ЖҮЗДЕСТІ. ОЛАР ҰШ КҮН БОЙЫ КҮРЕСПЕН ШҰҒЫЛДАНЫП ЖҮРГЕН БАЛАЛАРДЫҢ ӨНЕРІН ТАМАШАЛАДЫ, ӨЗДЕРІ ДЕ БОЗ КІЛЕМДЕ ӨНЕР КӨРСЕТТІ.**

Жас ұрпаққа үлгі-өнеге, тәлімді кездесудің мәнін айта кеткен орынды болар.

– «Зайсанның жайсаң балуандары» республикалық ұйымын құрудағы мақсат пен міндет жайлы айта кетейін, – деді осы іс-шараны ұйымдастырушылардың бірі, ұйым төрағасы, профессор, академик, жоғары оқу орнында қызмет ететін ұстаздарға көптеген оқулық кітаптар шығарған жерлесіміз Еркін Уанбаев. – Атақты бапкер Жанәділ Атаев, спорт меценаттары Мұхтар Бадығанов, Еркін Садықов, Арман Сарынов, Серік Топанов Зайсан ауданының жас балуандарының спортта, өмірде жоғары жетістікке жетуіне көмектесу, алдағы уақытта да балуандардың шеберліктерін жоғарылату мақсатында биыл күрес түрлерінен республикалық, облыстық жарыстарды жыл сайын өткізу, балуандық өнерді өскелең жастарға, халыққа насихаттау, болашағы бар аудан жастарын қолдайтын қор ұйымдастыру, аудандағы орта мектепте оқитын балаларды күрес түрлеріне тарту, тағысын тағы.

Аудан халқы шалғайдан ат арылтып келген атақты жерлестерін сағынып қалыпты. Атақты балуан, еңбек сіңірген жаттықтырушы, Өскемен қаласы мен Зайсан ауданының

құрметті азаматы, Олимпиада ойындарының жүлдегері мен әлем чемпиондарын баптаған бапкер Жанәділ Атаев, Алматы, елорда, Өскеменнен, басқа қалалардан келген, есімі елге белгілі Жеңіс Смағұлов, Еркін Елеубаев, Марат Саухатов, Қадылбек Смағұлов, Кенжебек Рахимов, тағы басқалар өз әсерін бөлісті. Олар қалада бірнеше кездесу өткізді. Балғын балуандардың жарысын тамашалады. Республикалық ұйым қорында Зайсан ауданында туып, еліміздің қалаларында тиімді жұмыс атқарып жатқан кәсіпкерлер мен балуандардың жинаған қаржысына дзюдо күресінен республикалық, еркін күрестен облыстық турнир өткізілді.

Зайсан спорт мектебіне жарыстарды жоғары деңгейде өткізуге қажет 2 бейнетүсірілім аппараты, телевизор сыйға тартылды. Өсеменде оқып жүріп жарыс кезінде жарақат алған зайсандық Еркін Абдрамановқа қомақты қаржылай көмек көрсетілді. Өмірден өткен балуандар еске алынып, 300 адамға ас берілді. Республикалық ұйымның ұйымдастыру аясында қазақ күресінен жауырыны жерге тимеген Төлеген Ержанұлының туғанына 100 жыл толуына орай облыстық еске алу турнирі өткізілді. Турнирдің өткізілуіне

мұрындық болған республикаға белгілі ақын Тақат Сағымжанов және Зайсан ауданының мәдениет бөлімін басқарған Бауыржан Құмарбеков, қаржыландыратын күйеу баласы, зайсандық кәсіпкер Қуанышбек Ахметов болды. Үш күнге созылған спорттық, әлеуметтік-мәдени іс-шаралардың басы-қасында болған, ұйымдастыруына қолайлы жағдай жасаған Зайсан ауданының бұрынғы спорт бөлімін басқарған тәжірибелі басшы Зайнолда Рахимбаев және облысқа белгілі кәсіпкер балуан келген турнирдің жеңімпазы, түйе балуан Кенжебек Рахимов 130 мың теңгеге ие болды. Жүлде алған басқа балуандар да ақшалай сыйлыққа, алтын, күміс, қола медальдерге ие болды. Жеңімпаздарды, осы жұмысқа белсене атсалысқан Зайсан ауданында туып, республиканың түкпір-түкпірінен келген балуандар және кәсіпкерлерді аудан әкімі Серік Зайнулдин, «Зайсанның жайсаң балуандары» республикалық ұйымының төрағасы Еркін Уанбаев марапаттап, осы шараларға арнайы жасалған естелік медальдерді берді.

«Зайсанның жайсаң балуандары» кітабының тұсаукесерінде аудан ақсақалдары мен балуандар, Алматыдан келген ақын, Әлем жазушылар одағының мүшесі Әбетхан Токтағанов, ғалым, ҚР педагогикалық ғылымдар академиясының академигі, Республиканың барлық ЖОО-да қолданылатын көптеген теория және әдістемелік оқулық кітаптар шығарған Еркін Уанбаев жастарға ой салатын ақыл-көңесін айтты.

«Сіздер қайда тұрып, еңбек етіп жатсаңыздар да кіндік қаныңыз тамған Зайсанды ұмытпаңыздар, туған мекенге қайырымдылық жасап, талапты балалардың спортпен шұғылданып, Отанға адал қызмет етуіне қолғабыс жасауды абыройлы міндет санандар», – деді ауданның абыз ақсақалы, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, жиырмадан астам кітаптың авторы Қалибек Алтыбаев.

Тағылымы мол бұл кітапта Зайсанда футболдың өркендеуіне ерекше үлес қосқан Жеңіс Смағұлов, аудан спортын ұзақ жылдар басқарған, өзі де футбол ойнап, аудан намысын қорғаған, «Зайсан футболшылары» атты кітапты шығарған Зайсанбек Қажанов, кезінде «Шахтер» командасының белгілі ойыншысы болған, бұл күндері аудандық спорт мектебін басқарып отырған Секен Бодаев, бокстан одақтық жарыста чемпион атанған, спорт шебері Марат Орманбетов, Зайсанның атағын елімізге паш еткен атақты дзюдошы, Қазақстанның бірнеше дүркін чемпионы Жанәділ Атаев, Әмірбек Аданұлы Әубәкіров, Олимпиада ойындарына қатысқан, Азия ойындарының, халықаралық турнирлердің бірнеше дүркін жеңімпазы Гүлжан Исанова, спорт шебері Қуат Әбжанов, еркін күрестен түйе балуан Еркін Елеубаев, атақты балуан Ақылбай Елеуов, тағы басқалар жайлы қызықты мақалалар бар.

Ұш күнге созылған спорттық, мәдени шарадан жан-жақтан келген құрметті қонақтар шабыт алып, әсерленіп қайтты. «Келесі жылы Зайсанда кездескенше!» деп аттанды жиналғандар.

**БІРЕР КҮН БҰРЫН БІЗБЕН КҮРШІМ АУДАНДЫҚ МӘДЕНИЕТ, ТІЛДЕРДІ ДАМУ, ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ СПОРТ БӨЛІМІНІҢ БАСШЫСЫ СЫМБАТ ДҮЙСЕНҒАЗИН ХАБАРЛАСЫП, СОҒҒЫ ЕКІ-ҰШ АЙДА АУДАНДА СПОРТТЫҚ ІС-ШАРАЛАРДЫҢ ҚЫЗА ТҮСКЕНІ ЖАЙЛЫ АЙТТЫ.**

## СПОРТТЫҚ ІС-ШАРАЛАР ҚЫЗА ТҮСТІ

– Екі жылғы пандемиядан кейін ауданның спорт десе елендеп тұратын тұрғындары спорт жарыстарына қызу араласа бастады. Атап айтар болсақ, Боран ауылындағы атақты ұстаз Құмаш Нұрғалиевтің ұлы, әке жолын қуған талантты ұстаз, «Парасат» орденінің иегері, Борандағы орта мектепті ұзақ жылдар басқарған Талант Нұрғалиевтің 70 жылдық мерейтойына орай волейболдан жарыс өткізілді. Оған ауданның барлық мектебінен ұстаздар қатысты. Жеңімпаздарға бағалы сыйлықтар тапсырылды. Сондай-ақ Отан қорғаушы күні Марқакөл ауылында Ерлан Атамановты еске алудан қол күресі, ат жарысы, шахмат, үстел теннисі, гир спорты, волейболдан жарыстар дүркіреп өтті.

Қазақтан шыққан тұңғыш әскери ұшқыш Жақыпбек Малдыбаевтың жүлдесіне арналған мектеп оқушылары арасындағы футбол жарысы тартысты өтті. Ол ол ма, Күршім ауылында Ұлы Отан соғысының ардагері С.Тоқаевты еске алуға арналған турнир, мемлекеттік қызметшілер мен полиция қызметкерлері күніне орай аудан тұрғындары арасында жаппай жүгіру, шағын футболдан жарыс, басқа да спорттық ойындарға тұрғындар белсене араласты.

Жақында ғана Алтай қаласында жалауы желбіреген еркін күрестен өткен жасөспірімдер арасындағы дүбірлі додадан Саят Жолдыбаев – 1-орын, Әли Әлібеков пен Жарқын Әділбеков үшінші орын алды. Шілде айының ортасында Өскеменде қол күресінен облыстық жарыс өтіп, Күршімнің бірнеше азаматы жүлдемен оралды. Қорыта айтқанда, Күршім ауданында бұқаралық спорт қарқынды дамып келеді. Ауданның спортын өркендетуге лайықты үлес қосып жүрген Сымбат сияқты азаматтарға жеңісті күндер тілейміз.

## ЗАМАНАУИ БАССЕЙН ҚОЛДАНЫСҚА БЕРІЛЕДІ

**БҰДАН БІР АЙ БҰРЫН ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН МЕН АБАЙ ОБЛЫСТАРЫ БӨЛІНІП, ЖЕКЕ ШАҢЫРАҚ КӨТЕРГЕНІ БАРШАҒА МӘЛІМ. ЕРКЕ ЕРТІС ӨЗЕНІ ЖАЛҒАСТЫРЫП ЖАТҚАН ҚОС ОБЛЫСТА БІРЕР ЖЫЛДА ОНДАҒАН СПОРТ ФИМАРАТЫ БОЙ КӨТЕРМЕК. СОНЫҢ БІРІ – КӨКПЕКТІДЕГІ ЗАМАНАУИ БАССЕЙН.**

– Жоба бойынша аудан орталығы Көкпектідегі бассейн құрылысы биылғы жылдың соңына іске қосылуы тиіс. Бассейннің суда жүзу бөлігінде ұзындығы 25 метрлік 4 жолақ болады. Негізгі су тұратын бассейн шаңағының екі шетінде жертеле бар. Бір жағында су фильтри, екінші жағында жылыту қазандығы болады. Құрылыс материалдары толық. Блоктарды монтаждау жұмыстары жүріп жатыр. Аманшылық болса, күні ертең Олимпиада чемпионы Д.Баландиннің ізбасарлары молынан шығады деген үміт бар, – дейді аудан әкімі Ділдәбек Оразбаев.

Реті келгенде айта кету керек, Ділдәбек Тәжібайұлы Тарбағатай және Аягөз аудандарын басқарған кезде ол жетекшілік еткен өңірде спорт ерекше дамыған. Ақсуатта қазақ күресінен «Қазақ барысы», «Әлем барысы» жарысын ұйымдастырған да осы іскер азамат болатын. Жаңа ауданға басшы болған Ділдәбек Оразбаевтың бастамасына сәттілік тілейміз.

## ТҮЙЕ БАЛУАН КЕНЖЕБЕК

**...ОСЫНАУ ОРТА БОЙЛЫ, МЫҒЫМ ДЕНЕЛІ, САҚАЛ ҚОЙҒАН ШЫМЫР ЖІГІТТІ КҮН САЙЫН ҮЙ АУЛАСЫНАН ЖОЛЫҚТЫРАМЫН. ҚАСЫНДА 9 ЖАСТАҒЫ ҚАҒІЛЕЗ ҰЛЫ БАР. ЕСІМІ – ИСЛАМ. АТА-АНАСЫНЫҢ ТӘРБИЕСІН КӨРГЕН АҚЫЛДЫ БАЛА. ҚАШАН КӨРСЕҢ ДЕ ЖҮГІРІП КЕЛІП АМАНДАСАДЫ. ІШІҢ ЖЫЛЫП ҚАЛАДЫ. СӨЗГЕ ТАРТАМЫН.**

– Кімнің баласысың?  
– Кенжебектің ұлымын. Әкем осыдан төрт жыл бұрын еркін күрес секциясына жаздырған. Бізді Қазақстанның бірнеше дүркін чемпионы Сайболат Мырзабаев жаттықтырады. Үйірмедегі балалар шетінен мықты. Өзім екі-үш рет қалалық жарыста чемпион атандым, – деді Ислам.

Хощ, сонымен Кенжебек Рахимовпен жақынырақ таныстым. Көршім 1965 жылы Зайсан қаласында дүниеге келіпті. Кезінде Қонаев Зайсанға алғашқы тау етегіндегі жасыл ағашқа көмілген, көшелерде арық суы сарқырап ағып жатқан қала көріне разы болып, «құдды бір Алматының мәкеті сияқты қала екен» деп сүйсініпті. Сол әсем қаладағы ауыл шаруашылығы мамандарын әзірлейтін училищені бітірген соң азаматтық борышын өтеуге аттанады. Келген соң Өскемендегі педагогикалық

институттың дене тәрбиесі факультетіне оқуға түседі. Бала кезден күресті ұнатқан талапты жас жаттығуларын жалғастыра береді.

– Алғашқы бапкерлерім Жанәділ Атаев, Еркін Уанбаевтар жаттығуға кешігіп келген қатты ұрсатын. Тәртіпті ұнататын. Алғашында сан рет ескерту алдым. Ақыры жаман болған жоқ. 1982-і жылы Өскеменде еркін күрестен облыс біріншілігі өтті. Бұл жолы үшінші нәтиже көрсеттім. Намыстансам да екіншімді білдірмедім. Келесі жолы бапкерлерімді ренжітпеспін деп өзіме серт бердім.

Жаттығулар жалғаса берді. Қалада ол кезде ірілі-ұсақты жарыстар жиі өтетін. Көбіне топ бастан жүрді. 2001 жылдың сәуірінде еркін күрестен атақты бапкер, КСРО және Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушысы Ю.И. Куропаткин атындағы



республикалық жарыс өтті. Дүбірлі бәсекеге еліміздің түкпір-түкпірінен ығай мен сығайлар келді. Бабындағы Кенжебек Рахимов 76 келі салмақта қарсыластарының барлығын қоғдай жапырып, чемпион атанды.

Бұдан кейін де Кенжебек Балтабайұлы еркін күрестен әр жылдары Қазақстанда өткен дүбірлі жарыстарда жүлдегер атанды. Зайсан ауданының бірнеше дүркін чемпионы атанды. 1993 жылы Марқакөлде өткен ауыл-село спортшыларының спартакиадасында алдына жан

салмады. Зайсан қаласы мен Таврияда өткен халық ойындарында ауданның намысын қорғап, жеңіс тұғырынан көрінді.

– Күрес десе ішкен асымды жерге қоямын. Зайсандағы М.Ломоносов атындағы орта мектептің үшінші сыныбында оқып жүргенде аудан орталығындағы балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің жаттықтырушысы Досатай Хасеновтің қол астында жаттықтым. Ол бізді тәрбиеледі, шындады. Ама! бар ма, өткен жылы коронавирустан қайтыс болды. Атақты бапкерді еске



алатын уақыт жеткен сияқты. Тамызда өмірден озғанына бір нұр өткізсек, оң болар еді, – дейді көпшіліктің жайын ойлайтын балуан.

Кенжебек жұбайы Меруерт екеуі бала тәрбиесіне көп көңіл бөледі. Отағасы Исламды жаттығуға өзі апарды, тәжірибесін жалықпай үйретеді. Исламнан болашақта мықты балуан

шығатынына сеніміміз мол.

Жуырда Кенжебек тағы бір ірі жеңіске ие болды. Зайсанда өткен ардагерлер арасындағы дүбірлі жарыста түйе балуан атанды. Ақшалай сыйлықты иеленді. «Арманым ардагерлер арасында «лем чемпионы атану, ұлым Исламды да жеңіс тұғырынан көру», – дейді ерінбейтін, жалықпайтын ер мінзеді Кенжебек Рахимов. Несі бар, орынды.

Бетті дайындаған – **Оңдасын ЕЛУБАЙ**, «Қазақ спорты» газетінің Шығыс Қазақстан облысындағы меншікті тілшісі



# ЭДУАРД ГЛАЗУНОВ ИГРАЛ В «КАЙРАТЕ» ЗА 50 ДОЛЛАРОВ

**В ЭТОМ НОМЕРЕ МЫ ХОТИМ ПОВОРОДИТЬ С ИЗВЕСТНЫМ ФУТБОЛИСТОМ АЛМАТИНСКОГО «КАЙРАТА» ЭДУАРДОМ ГЛАЗУНОВЫМ, КОТОРЫЙ ЗАПОМНИЛСЯ СОВЕТСКИМ И КАЗАХСТАНСКИМ БОЛЕЛЬЩИКОМ БОГАТОЙ ФУТБОЛЬНОЙ БИОГРАФИЕЙ, КЛАССНОЙ ИГРОЙ В РАЗНЫХ КЛУБАХ, ТВЕРДЫМ ХАРАКТЕРОМ И БОЛЬШОЙ ЛЮБОВЬЮ К БОЛЬШОМУ ФУТБОЛУ.**

«За свою игровую и тренерскую карьеру сменил достаточно много клубов, ни в одном не задерживался более двух лет», — это строка из статьи о Глазунове в Википедии. Те, кто хорошо с ним знаком, знают почему «не задерживался». Потому что терпеть не может фальши, подхалимства и разгильдяйства. Потому что строг к себе и окружающим. Не гонится, как многие его коллеги, за большими деньгами. Если чувствует, что дело выходит из-под контроля, готов пожертвовать карьерой.

